



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронды Француз Республикасының ұлттық мерекесі – Бастилияны алу күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы бүгінде Франция саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени-гуманитарлық салаларда елеулі жетістікке жеткен халықаралық қоғамдастықтың беделді мүшесі екенін атап өтіп, достас француз халқының одан әрі өсіп-өркендей беруіне тілектестік білдірді.

Сондай-ақ Қазақстан мен Франция қарым-қатынасы стратегиялық серіктестікке ұласқанына назар аударып, осы игі іске Эмманюэль Макронның қосқан үлесін жоғары бағалайтынын жеткізді.

КӨҢІЛ АЙТТЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлы Отан соғысының ардагері, «Халық қаһарманы» Әбдіғали Қаймолдиннің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарына көңіл айтты.

«Әбдіғали Қаймолдин жастай майдан даласына аттанып, ерен ерлігімен жеңісті жақындатуға зор үлес қосқан батыр тұлға болды. Бейбіт кезеңде мемлекеттік және қоғамдық істерге белсене араласып, ел игілігі жолында ұзақ жыл қызмет етті. Ғасыр жасап, соңына өнегелі жол қалдырған Әбдіғали Қаймолдиннің жарқын бейнесі мен есімі ұмытылмайды. Иманы саламат, жаны жаннатта болсын», — деп жазылған жеделхатта.



ГАЗ САЛАСЫ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Қасым-Жомарт Тоқаев «QazaqGaz» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовті қабылдады.

Мемлекет басшысына ұлттық компанияның атқарған жұмысының нәтижесі таныстырылды.

Президентке бүгінгі таңда еліміздегі газдандыру деңгейі 62,4 пайызға жеткені жөнінде баяндалды. Соңғы үш жылда 1,7 миллион отандасымыз табиғи газдың игілігін көре бастады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Жетісу облысының 66 елді мекенін газбен қамтамасыз ететін Талдықорған – Үшарал газ құбырының желілік бөлігінің құрылысы аяқталғаны туралы есеп берілді. Бұдан бөлек, Қашаған кен орнында сұйытылған мұнай газын ауыстырып тиеу

және фракциялау зауытының құрылысы, Бейнеу – Бозой – Шымкент магистралды газ құбырының екінші желісін салу жұмыстары басталды. Түрік инвесторы – ESTA компаниясының қатысуымен құны 1,35 миллиард доллар болатын қарбамид зауытының жобасы қолға алынды.

Санжар Жаркешовтың айтуынша, ресейлік көгілдір отынды Қазақстан арқылы Өзбекстанға тасымалдау көлемінің артуы — саладағы маңызды жетістіктің бірі. Сондай-ақ ұлттық компания басшысы Орта Азия — Орталық магистралды газ құбырында жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстары жөнінде айтты. Аталған жоба өңірлік энергетика саласындағы маңызды буын ретінде еліміздің рөлін арттыра түседі.

Мемлекет басшысының газдың ресурстық базасын дамытуға қатысты тапсырмасын

орындау аясында бірқатар стратегиялық келісімге қол қойылды. Олардың қатарында «Аққұдық» және «Северный-2» учаскелеріндегі жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар, сондай-ақ CNPC компаниясымен бірлесе «Северный-1» учаскесінде барлау жұмыстарын жүргізу туралы келісім бар.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына газ саласында цифрлық шешімдер енгізу, соның ішінде NVIDIA жана графикалық чиптерімен жұмыс істейтін суперкомпьютерді қолдану жоспары жайында баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы жылыту маусымына дайындыққа, еліміздің газ саласындағы әлеуетін жоспарлы түрде нығайтуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

ДӘУЛЕТ



МАҚТАМЫЗБЕН

МАҚТАНА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

Аграршылар дабыл қақты: ылғалсүйгіш дақыл шаруашылығының жағдайы бұрын нашар еді. Енді басталған суды қатаң үнемдеу оның түбіне жетіп, жойып тынбақ. Ресми статистика бойынша мақта өндірушілер 2022 жылы 116,7 млрд теңгенің өнімін жинаса, егістігінің күрт азаюы кесірінен 2024 жылы бұл көрсеткіш екі еседей, 61,2 млрд теңгеге дейін кеміп кетті. Депутаттар оның жойылуына жол беруге болмайтынын айтады, өйткені бұл стратегиялық сала: жеңіл өнеркәсіп сыртында, қорғаныс, оқ-дәрі жасау үшін де мақта керек. Бұл істе мемлекеттің өзгеге тәуелді болғаны елге қауіп.

→ 4

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ «ҚҰРЫҚҚА» ТҮСПЕЙ ТҰР

Бұған дейін Ұлттық банк ұзақ уақыт бойы қатаң ақша-кредиттік саясатты сақтап тұруға бейім екенін аңғартып келген болатын. Шілде айында да нарық күткендей шешім қабылдап, базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде сақтап қалды. Алайда сарапшыларды мөлшерлеменің өзінен бұрын жиында сөз болған кейбір жайттар мен қосымша құралдардың сипаты алаңдатып отыр. Өйткені реттеушінің базалық мөлшерлемеге қатысты шешімі сырттай тұрақты көрінгенімен, мөлшерлемесінің әлсіреуі, инфляцияның мақсатты мөлшері мен мерзімнің ашық айтылмауы, нақты табыстың өспеуі және халықтың экономикалық әл-ауқатының төмендеуіне қатысты көптеген сауалдар туындайды.



→ 2

ТЕҢІЗДЕГІ ТІРШІЛІК: БАЛЫҚҚА ДА БАП КЕРЕК



→ 7

ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ



→ 8

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

МӘДЕНИЕТ

ЖАҢА ЕСІМДЕР
ЖАРҚЫРАҒАН КҮН

Биыл 16 мамыр мен 13 шілде аралығында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Астана Опера» театрында «Опералия-2025» халықаралық музыкалық фестивалі өтті. Оған 12 мыңнан астам көрермен жиналды. Фестиваль Дж.Пуччинидің «Тұрандот» операсымен түйінделді.



Койылымның дирижері — Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, театрдың бас дирижері Әрі спектакльдің қоюшы-дирижері Алан Бөрібаев. Оның жетекшілігімен «Астана Опера» симфониялық оркестрі мен хоры керемет қуат пен эмоциялық тереңдікті шебер жеткізіп, көпшілікке ұмытылмас әсер сыйлады.

Тұрандот ханшайымның басты партиясын театрдың прима әншілері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Жұпар Ғабдуллина мен Бибігүл

Жанұзақ орындады. Калаф рөлінде Ресей опера сахнасының әртісі Михаил Пирогов пен көптеген халықаралық театрларда өнер көрсетіп, тембрі ерекше әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Медет Шотабаев сомдады.

Айта кетейік, бұл фестиваль қазақстандық және шетелдік әртістердің өнерін көруге, сондай-ақ жаңа есімдер ашуға мүмкіндік берді.

Көрермен алғаш рет Ролан Петидің эксклюзив балет трилогиясын («Арлезианка», «Бозбала және Өлім»,

«Кармен») тамашалап, Алтынай Асылмұратова қойған «Ұйқыдағы ару» балетінің таңғажайып премьерасына куә болды. Сондай-ақ Евгений Чайников қойылымындағы «Капулетти мен Монтеки» операсының премьерасы да өтті. Көпшілікке Қытай, Франция және Ресейден келген танымал жұлдыздар Чжунин Чэнь, Мэн Ин Фан, Мария Ильюшкина және Эван Капитен қатысқан гала-балет ерекше әсер қалдырды.

Іс-шара аясында Nomad Inspiration бірегей жобасы да халықтың қызығушылығын тудырды. HasSak ансамблінің және жобаның қоюшы хореографы Сұлтанбек Ғұмар бастаған театрдың балет труппасы орындаған аспаптық қазақ этно-фольклоры мен балет өнерінің синтезі қалың көрерменнің көңілінен шықты.

К.Байсейітова атындағы Камералық зал да қалыс қалған жоқ. Жұртшылық назарына виолончель кештері, фортепиано солосы ұсынылып, Дж.Россинидің «Жібек саты» опера-буффасы қойылды.

Іс-шара аясында қойылған классикалық туындылар, эксперимент жобалар мен ұлттық классикалық шығармалар фестиваль бағдарламасының көркін ашып, мемлекеттер арасындағы мәдени байланысты нығайтып, театр өнерінің мұрасын байыта түсті.

КӨКЕЙКЕСТІ



ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНА
ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛДЫ

Ұйымдастырушылар өздерін YouTube, WhatsApp және Telegram әлеуметтік желілері арқылы жарнамалап, азаматтарды Matic Basket жобасына ақша салуға шақырған.

Олар криптовалюта биржасында майнинг пен трейдинг арқылы жоғары пайда уәде еткен. Салымшылардың салған ақшалары 5 000 теңгеден 1 100 АҚШ долларына дейін жеткен. Алайда салымшыларға ақша салғанын растайтын ешқандай құжат берілмеген әрі олармен келісімшарт немесе ресми келісімдер жасалмаған. Жаңа қатысушыны тартқан жағдайда әрбір қаржылық операциядан 10% көлемінде кіріс түсетіні айтылған.

Нәтижесінде, қаржы пирамидасына Қазақстан мен ТМД елдерінің 1 900-ден астам азаматы тартылып, жалпы сомасы 80 млн теңгеден астам қаражат салынған. Күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасы ретінде елден шығуға тыйым салынды. Тергеу амалдары жалғасуда. Қылмыстық-процестік кодекстің 201-бабына сәйкес өзге ақпарат жариялауға жатпайды.

НАРЫҚ

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ
«ҚҰРЫҚҚА» ТҮСПЕЙ ТҰР

Бұған дейін Ұлттық банк ұзақ уақыт бойы қатаң ақша-кредиттік саясатты сақтап тұруға бейім екенін аңғартып келген болатын. Шілде айында да нарық күткендей шешім қабылдап, базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде сақтап қалды. Алайда сарапшыларды мөлшерлеменің өзінен бұрын жиында сөз болған кейбір жайттар мен қосымша құралдардың сипаты алаңдатып отыр. Өйткені реттеушінің базалық мөлшерлемеге қатысты шешімі сырттай тұрақты көрінгенімен, мөлшерлеме әсерінің әлсіреуі, инфляцияның мақсатты мөлшері мен мерзімнің ашық айтылмауы, нақты табыстың өспеуі және халықтың экономикалық әл-ауқатының төмендеуіне қатысты көптеген сауалдар туындайды.

А Кәмила ДҮЙСЕН

Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, бұл шешім инфляциялық үдерістер мен ішкі және сыртқы факторлардың ықпалынан қалыптасып жатқан экономикалық үрдістерді ескере отырып қабылданған.

«Экономикада бағаға қысым әлі де сақталып отыр. Инфляцияның өсуіне ең көп әсер етіп отырған — ақылы қызметтер мен азық-түлік бағасының қымбаттауы. Тұрақты инфляция көрсеткіші де біршама өсті. Соңғы айларда айлық инфляция бәсеңдеп келеді, бірақ әлі де тарихи орташа мәннен жоғары. Халықтың инфляциялық күтулері айтарлықтай төмендеді, дегенмен әлі де жоғары деңгейде. Экономика былтырғы 4,8%-дан биылғы жылдың алғашқы бес айында 6%-ға дейін жеделдеді. Сұраныс ұсыныс мүмкіндіктерінен асып түсіп, бағаға қысым жасап отыр. Осыған байланысты тұтынушылық сұраныс пен бағаның өсуін тежейтін фактор ретінде Ұлттық банктің біршама қатаң ақша-кредит саясаты қолданылады», — деді Ұлттық банк төрағасы.

Дегенмен мәселе базалық мөлшерлеменің өзінен бұрын тиімділігінің әлсіреуіне келіп тіреледі. Себебі сарапшылар арасында мөлшерлеме бұрынғыдай экономикаға әсер ете алмайтыны туралы пікірлер жиілеп барады. Базалық мөлшерлеме — бұл елдегі ақша-кредит саясатының негізгі құралы. Ол арқылы Ұлттық банк нарықтағы ақша көлеміне, несие бағасына, сәйкесінше, инфляция деңгейіне ықпал етеді. Алайда THE TENGE журналының бас редакторы Владислав Туркин қазіргі таңда базалық мөлшерлеменің бұл классикалық функциясы шектеліп бара жатқанын айтуда. Себебі Ұлттық банк мәлімдемесінде инфляциямен күресте өзге, қосымша құралдарға ерекше мән беріліп отыр.

— Ішкі ортада базалық мөлшерлеменің дезинфляциялық әсері іске



асырылып жатқан алтын-валюта операцияларын «айналау» шаралары, минималды резервтік талаптарды (МРТ) қайта қарау және тұтынушылық кредиттеуді төмендетуге бағытталған макропруденциялық шектеулерді енгізу есебінен күшейетін болады. Үкімет жариялаған коммуналдық қызмет тарифтерінің өсу қарқыны мен мерзімін қайта қарастыру қосымша оң әсерін беріп, ақылы қызметтер бағасының өсуін реттеуге мүмкіндік береді. Үкіметпен арадағы үйлестіру шараларын күшейту инфляциялық қысымды төмендетуде ерекше рөл атқарады. Бұл ең алдымен фискалдық шоғырландыруды және макроэкономикалық балансты нығайтуға бағытталған бірлескен шараларды іске асырумен байланысты, — делінген реттеуші хабарламасында.

Десе де, сарапшының сөзіне сүйенсек, бұл шаралардың бірде-бірі классикалық монетарлық құрал емес. Олар қосымша, тіпті кей жағдайда көмекші

сипатта. Ал МРТ сияқты кейбір құралдар қазіргі монетарлық парадигмада ескірген тетік ретінде қарастырылады. Мұны экономикалық ортада «құралдардың орын алмасуы» деп атайды: негізгі механизм жұмыс істемеген кезде оның орнын көмекші құралдар басуға мәжбүр болады. Бұл — ақша-кредит саясатының трансмиссиялық механизмі әлсірегенінің белгісі.

Ал инфляцияға келер болса, Ұлттық банк 2025 жылға арналған инфляцияны 10,5—12,5% аралығында болжайды. Маусым айының қорытындысы бойынша, жылдық инфляция 11,8% болды. Бұл болжам шегінде тұрғанымен, шынайы жағдайдың тұрақты емес екенін көрсетеді.

Мысалы, ақылы қызметтердің бағасы 16,1%-ға өсті — бұл жылдық инфляцияның негізгі қозғаушы күші. Сонымен қатар азық-түлік бағасы 10,6%-ға, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 9,4%-ға қымбаттаған. Бұл — ішкі сұраныстың жоғары екенін және өндірушілердің

шығындарын тұтынушыларға көшіру үрдісінің жалғасып жатқанын білдіреді.

Ұлттық банк айлық инфляция баяулап жатыр дегенімен, базалық және маусымдық факторлардан тыс есептелген инфляцияның әлі де жоғары екені байқалады. Демек, қысым әлі де күшті. Сарапшы, әсіресе инфляциялық таргет пен оған қай кезде қол жеткізілетіні туралы нақты ақпараттың жоктығын сыңға алды.

«Соңғы жылдары Қазақстанда қалыптасқан жоғары инфляция жағдайы мен одан да жоғары инфляцияға өту тәжірибесі қоғамды әрдайым бағаның күрт өсуіне дайын болуға мәжбүрлеп отыр. Кішігірім өзгерістер орын алса бітті, халық бірден бағаның шарықтауына дайын тұрады. Бұл жағдайға ақша-кредит саясатына деген сенімнің болмауы қосылып отыр. Яғни, халық үнемі инфляцияның күрт көтерілуін күтіп, екіұдай хәлде күн кешеді», — дейді ол.

Владислав Туркиннің айтуынша, тек мөлшерлемені күрт көтеру күткен нәтиже бермейді. Оның орнына «қатан сенім стратегиясы» қажет. Бұл — институционалдық тәртіпті күшейтіп, ел экономикасы үшін нақты әрі сенімді бағдар қалыптастыра алатын әдіс.

Экономистің пікірінше, Ұлттық банк инфляцияны кезең-кезеңмен төмендету жоспарына көшуге тиіс. Мысалы: 2025 жылы — 8%, 2026 жылы — 6%, 2027 жылы — 5%, 2028 жылы — 4% және осылай жалғасатын нақты кесте құрылуы керек.

«Бұл — қазіргі жалған таргеттен бас тартып, нақты әрекетке негізделген қолжетімді жоспарға көшу деген сөз», — дейді В.Туркин.

Оның пікірінше, алдымен инфляциялық таргетті уақытша 7—8%-ға дейін көтеріп алып, кейіннен қатан кесте бойынша төмендету қажет. Бұл ақша-кредит саясатын тым қатайтып жібермей, бір мезгілде халықтың күтуін тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Ал Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов егер халықтың нақты табысы өспесе, ішкі сұраныстың тұрақтылығы да ұзаққа бармайтынын алға тартуда. Бұл — экономикалық өсімнің сапасына әсер етеді. Сондықтан да инфляциямен күресу тек монетарлық міндет ғана емес, әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізудің шартына айналады. Әрине, инфляцияны тежеу үшін мөлшерлемені жай сақтап тұру жеткіліксіз. Бұл үшін нақты мақсат, жүйелі бағыт, ашық коммуникация және тәуелсіз шешімдер қажет.

БӘРЕКЕЛДІ!

ПАЙДАЛЫ
ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ
БЕЛГІЛІ БОЛДЫ

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі еліміздің пайдалы қазбалармен қамтамасыз етілу мерзіміне қатысты жаңартылған деректерді жариялады.



Қазақстан — табиғи ресурстарға бай ел болып қала береді. Соңғы деректерге сәйкес, қазіргі өндіру көлемін ескерсек, негізгі пайдалы қазбалармен қамтамасыз етілу мерзімі мынадай: алтын — 30 жыл, мыс — 38 жыл, қорғасын — 156 жыл, темір кендері — 957 жыл, көмір — 350 жыл. Сол сияқты тұрақтылық марганец, титан, молибден және басқа да стратегиялық маңызды пайдалы қазбалар бойынша да байқалады.

— Бұл қазбаларды ұтымды пайдаланып, геологиялық барлау жұмыстарын жүйелі жүргізу арқылы Қазақстан өз ресурстық әлеуетін сақтап қана қоймай, жаһандық шикізат нарығындағы орнын одан әрі нығайта алады деген сөз. Ресурстық база тұрақтылығы — инвестиция тартудың, тау-кен өнеркәсібін дамытудың және елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі тірегі, — деп атап өтті ведомство.



БАҒДАР

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

КОМАНДАЛЫҚ АЙТЫС ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ



Ақтау қаласында «AMANAT» партиясының қолдауымен Маңғыстау облысы әкімдігі ұйымдастырған «Маңғыстау – түркі мәдениетінің төрі» атты республикалық командалық айтыстың ақтық сайысы өз мәресіне жетті. Дүбірлі додада Қарағанды және Түркістан облыстарының командалары өзара бақ сынады.

Жыр аламанына Маңғыстау облысының әкімі Нұрділет Қилыбай, «AMANAT» партиясы Орталық аппараты Саяси жұмыс департаментінің директоры Еркебұлан Жаулыбаев және «AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық филиалы төрағасының орынбасары Анар Шамшадинова арнайы қатысты.

Өз кезегінде, аймақ басшысы Нұрділет Қилыбай Маңғыстау өңірінде ұйымдастырылған республикалық командалық айтыстың мәні мен маңызына тоқталды.

«Бүгін қасиетті Маңғыстау топырағында халқымыздың ұлы мұрасы саналатын айтыс өнерінің үлкен думаны өтіп жатыр. Екі жыл бойы еліміздің барлық аймағын қамтыған «Командалық айтыс» жобасы өз мәресіне жетіп, ақтық сайыс дәл осы жерден түркі мәдениетінің

төрінен бастау алып отыр. Осы өнер мерекесінің Маңғыстауда өтуі — біз үшін үлкен қуаныш әрі мәртебе. Бабалар аманатын көздің қарашы-ғындай сақтап келе жатқан Маңғыстау халқы әуелден қонақжай. Бұл сахнада кім жеңсе де, бәрі қазақтың баласы, бәрі бауыр. Сондықтан бүгінгі аламан айтыста бөрінізге сәттілік тілеймін!» — деді облыс әкімі.

Өнер додасын Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, белгілі ақын Аманжол Әлтай жүргізді. Осылайша, сөз сайысында сүре, түре, қайым және өтірік өлең сынды айтыс түрлері қайта жаңғырып, дәстүрлі ән әуеледі. Сондай-ақ жыр-терме орындалып, күмбірі бөлек күй шалқыды.

Ақындар сүре мен түре айтыс барысында қоғамдағы өзекті мәселелерді тілге тиек етіп,

өтірік айтыс пен қайым айтыс кезінде қағытпа қалжың арқылы көрерменге көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Жыршылар домбыра күмбірімен және қобыздың қоңыр үнімен қазақтың тарихи жырларын орындап, жиналған жұртшылықтың шынайы ықыласына бөленді. Бұл ретте, домбырашылар күй тартысқа түсіп, шеберліктерін сынады. Бұған қоса, ақтық сайыс аясында еліміздің әр өңірінен жиналған «Қазақстан» құрамасы мен жергілікті «Маңғыстау» командасы жолдастық кездесу өткізді.

Республикалық командалық айтыста Сенат депутаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұртөре Жүсіп, белгілі жырау Алмасбек Алматов, Қазақстанның Халық әртісі, күйші Айгүл Үлкенбаева, әнші Айгүл Қосанова, айтыскер ақын Мәлс Қосымбаев және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын Қалқаман Сарин қазылық етті.

«Көнеден жеткен сүре, түре, қайым, өтірік өлең сияқты айтыс түрлері қайта жаңғырып, көрермен жүрегіне жол тапты. Әр команда тек суырыпсалма өнерімен ғана емес, өз өлкесінің сазын, мақамын, болмысын ала келді. Қарағанды мен Түркістан — екеуі де өнердің ордасы, жыраулық және әншілік мектебі терең аймақтар. Қос өңірдің өнерпаздарын бір-бірінен үстем деу қиын. Бұл жолы жеңімпаз — қазақ айтысы, қазақтың сөзі мен сазы. Біз осындай жобалар арқылы рухани мұрамызды кейінгі ұрпаққа аманаттап отырмыз. Бастысы — халықтың көкейіндегі мәселе де айтылды, ұлттық сана да жаңғырды. Бұл — бүгінгі күннің үлкен жеңісі», — деді қазылар алқасының төрағасы Нұртөре Жүсіп.

Екі жылға созылған республикалық командалық айтыс нәтижесінде Қарағанды және Түркістан облыстарының командалары тең түсіп, 1-орынды бөлісті. Ал 2-орын Астана қаласы мен Ақтөбе облысының командаларына бұйырды. Жүлделі 3-орынды Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстарының командалары қанжығалады.

«МЕЙІРІМ» МЕКЕНІ

Шымкент қаласында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында медициналық оңалту ересектер мен балаларға медициналық оңалту қызметтеріне қолжетімділік артып келеді. Қала аумағында бүгінде кардиологиялық, неврологиялық, ортопедиялық, травматологиялық, пульмонологиялық және жалпы оңалту бағыттары бойынша 34 медициналық мекеме жұмыс істеп тұр. Бұл ұйымдар ересектер мен балаларға тегін оңалту қызметтерін ұсынып, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға, толыққанды қалпына келуіне мүмкіндік беріп отыр.



А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Шымкент қаласы

Медицина саласы мамандарының мәліметіне сүйенсек, 2025 жылдың басынан бері Шымкент қаласындағы оңалту орталықтарында 150 мыңға жуық медициналық оңалту шаралары жүзеге асырылған. Бұл көрсеткіш — қаланың денсаулық сақтау инфрақұрылымындағы он өзгерістер мен медициналық қызметтердің сапалы дамуының нақты дәлелі. Науқастар көбіне инсульттен кейінгі оңалтуға, операциядан немесе жарақаттан соң қалпына келуге, созылмалы аурулармен байланысты кешенді ем алуға және туа біткен немесе жүре пайда болған неврологиялық, ортопедиялық, тыныс алу жүйесінің бұзылыстарын емдеуге жүгінеді.

Тұрғындар бұл қызметтерді МӘМС аясында толығымен тегін, ал бағыттамалар учаскелік дәрігер арқылы беріледі. Дәрігерлер реабилитолог немесе тар бейінді мамандармен кеңесе отырып, әр пациентке жеке оңалту бағдарламасын әзірлейді. Шымкенттегі жетекші оңалту орталықтарының бірі — «Мейірім» медициналық оңалту орталығы. Бұл мекеме 3 пен 18 жас аралығындағы балаларға арналған кешенді оңалту қызметтерін ұсынады. Қазір орталықта 130 орынға арналған неврология және соматикалық бөлімшелер жұмыс істейді. Жүйке жүйесі, туа біткен өкпе аурулары, ортопедиялық патологиялар, психоневрологиялық ауытқулар және басқа да диагностикалармен күрделі ем жүргізіледі.

Кешенді емдеу әдістері балаларды ауыр симптомдардан арылтып, толыққанды өмірге оралуына жол ашады. Дәрігерлердің айтуынша, биылғы жылдың алғашқы жартысында орталықта 1000-нан астам оңалту қызметі көрсетілген.

Соматикалық бөлімше қызметі тыныс алу жүйесін жақсартуға, қабыну процестерін азайтуға және өмір сапасын арттыруға бағытталған. Ал неврологиялық бағыттағы ем-дом қозғалыс функцияларын қалпына келтіруге, сонымен қатар балалардың дамуындағы кешігулерді еңсеруге арналған. Медициналық оңалту емделуден кейінгі аса маңызды кезең. Дәрігерлердің пікірінше, уақытылы жүргізілген оңалту шаралары аурудың қайталануын азайтып қана қоймайды, мүгедектік қаупін төмендетіп, балалардың мектепке және қоғамға бейімделуін жеңілдетеді.

Осы ретте Шымкент қаласының денсаулық сақтау саласы оңалту бағытындағы қолжетімділікті кеңейтіп, балалар мен ересектерге сапалы әрі тиімді медициналық көмекті МӘМС аясында тұрақты түрде ұсынып келеді. Барлық процестер — толығымен цифрлық және ашық, ешқандай қосымша төлемсіз жүзеге асырылады.

Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған оңалту қызметтері тұрғындардың денсаулығын ұзақ мерзімді сақтаудың тиімді тетігі. Шымкент қаласында осындай қызметтердің саны мен сапасы жыл санап артып келеді. МӘМС жүйесі арқылы жүзеге асырылып жатқан бұл бастамалар, әсіресе ерекше қажеттіліктері бар балаларға, күрделі операциядан кейінгі науқастарға, созылмалы аурумен ауыратын азаматтарға, жан-жақты көмек көрсетіп отыр.

Медициналық оңалту — емнің жалғасы ғана емес, жана өмірге қадам. Ал Шымкенттегі оңалту ұйымдары осы қадамды сеніммен жасауға мүмкіндік беретін нақты қолдау алады.

«ЖЕР АМАНАТЫ» ЖЕҢІСІ

Жетісу облысында 1655 гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды. Жетісу облысы Алакөл ауданында жалпы ауданы 1655 гектарды құрайтын 14 жер телімі мемлекет меншігіне қайтарылды. Бұл – «AMANAT» партиясының жанындағы «Жер аманаты» комиссиясының жүйелі жұмысының нәтижесі.



Сәуір айында Мәжіліс депутаты, «Жер аманаты» комиссиясы төрағасының орынбасары Бақытжан Базарбек пен «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұрат Әбенов Жетісу облысының

Алакөл ауданына жұмыс сапарымен барып, ауыл шаруашылығы саласының жай-күйімен және жер мәселелерімен танысқан болатын. Комиссия жүргізген тексеріс барысында аталған жер учаскелерінің

ұзақ уақыт бойы игерілмей, бос жатқандығы анықталған. Аумақты уақытша пайдалану мерзімі әлдеқашан өтіп кеткеніне қарамастан, жергілікті әкімдік пен тиісті мекемелер тарапынан ешқандай шара қабылданбаған. Осыған байланысты Мәжіліс депутаты Бақытжан Базарбек Бас прокуратураға ресми сауал жолдап, «Жер аманаты» комиссиясы анықтаған заңбұзушылықтарды тексеруді сұраған.

Депутаттың айтуынша, 2024 жылғы сәуір айында Жетісу облысының Алакөл ауданындағы Ақши ауылына барған сапарында 351 коммерциялық мақсаттағы жер учаскесінің 10 жыл бойы игерілмегеніне куә болған.

«Осы учаскелердің бәрі 2016 жылдан бері игерусіз жатыр. Заң бойынша үш жыл ішінде пайдаланылмаған жер телімдері мемлекет меншігіне қайтарылуға тиіс еді. Аудан әкімдігі мен тиісті бөлімдер неге шара қолданбаған?» — деді Бақытжан Базарбек.

Прокуратураның араласуынан кейін барлық 14 жер телімі мемлекет

меншігіне қайтарылып, мемлекеттік жер қорына өткізілді.

Айта кетейік, жалпы Жетісу облысының жер қоры 11 848,3 мың гектарды құрайды. Оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер — 4 718,2 мың гектар. 2022-2024 жылдары пайдаланылмай жатқан немесе мақсатына сай пайдаланылмаған 1,2 млн гектар жер анықталып, оның 712 мың гектары қайта айналымға тартылды, 502,6 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. 2025 жылы 90 мың гектар жерді мемлекетке қайтару жоспары бекітілген. Жыл басынан бері 36,9 мың гектар жер қайтарылып, бұл көрсеткіш жоспардың 40,9%-ын құрап отыр. Бүгінде халықтың жайылымға деген қажеттілігі 476,2 мың гектарды құрайды.

«AMANAT» партиясының «Жер аманаты» комиссиясы республика көлемінде игерілмеген және заңсыз берілген жерлерді анықтап, мемлекет меншігіне қайтару жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп келеді. Бұл бастама елдің жер ресурстарын тиімді әрі әділетті пайдалануға бағытталған.

ТЕРЕЗЕДЕН САҚТАН, АТА-АНА!



Елімізде балалардың терезеден құлап кету оқиғалары әлі де азаймай тұр. Былтыр 200-ден астам бала терезеден құлаған. Оның 12-сі мерт болған еді. Биылғы жылдың бірінші тоқсандағы көрсеткіш одан да асып кеткен. Балалар қауіпсіздігіне қатысты жағдайдың ушыққанына қарамастан, қоғам бұл мәселеге селқос қарап отырғандай.

Астана қалалық Полиция департаментінің мәліметінше, биыл алғашқы 6 айда балалардың терезеден құлап кетуіне қатысты 46 оқиға тіркелген. Оның 13-і өліммен аяқталды. Бұл өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 2,6 есе көп.

— Өкінішке қарай, биыл тіркелген оқиғалардың ішінде бала өлімімен аяқталған жағдайлар болды. Ал 2024 жылдың қорытындысы бойынша 40 жағдай тіркеліп, оның ішінде 7 бала қаза тапқан еді, — дейді Төтенше жағдайлар басқармасы бастығының орынбасары Сағдат Әнес.

Оның айтуынша, терезеден құлау деректері негізінен 2-4 жас аралығындағы балалар арасында жиі кездеседі. Бұл жас ерекшелігі балалардың қызығушылығы жоғары, қозғалыс белсенділігі дамыған, бірақ қауіп-қатерді толық сезіне алмайтын кезеңімен байланысты.

— Көп жағдайда мұндай оқиғалар ата-ананың баланы бірнеше минутқа қараусыз

қалдыруынан болады. Сонымен қатар москит торына жалған сенім, терезе маңындағы жиһаздың орналасуы және қауіпсіздік құлыптарының болмауы негізгі себептердің қатарында, — деді ол.

Бүгінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін белгілі бір шаралар қолға алынған. Құрылыс нормаларына енгізілген жаңа талаптар бойынша, енді жаңадан салынып жатқан көпқабатты үйлердің терезелері міндетті түрде қауіпсіздік құлыптарымен жабдықталуға тиіс. Бұл талаптар Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларының (3.02-01-2023) шенберінде енгізілген. Яғни, терезе конструкциялары абайсызда адамдардың, соның

ішінде балалардың құлап кетуін болдырмауға бағытталуы қажет. Сағдат Әнес бұл нормалар қазір қолданысқа енгенін айтты.

Оның сөзінше, Астана қаласының барлық ауданының төтенше жағдайлар қызметі жергілікті әкімдік, полиция және еріктілер ұйымдарымен бірлесіп күнделікті профилактикалық жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл жұмыстардың қатарына тұрғын үй кешендерін аралау, ақпараттық парақшалар тарату және түсіндіру кездесулері кіреді.

Ал Полиция департаменті болса, терезеден құлауға байланысты деректер көбінесе баланың жалғыз қалуымен немесе ата-ананың қауіпсіздікке немқұрайды қарауымен байланысты екенін айтады.

— Көптеген жазатайым жағдайда терезеден құлау москит торларымен байланысты. Былтыр елордада балалардың терезеден құлау фактісі бойынша 30-ға жуық оқиға тіркелді, — дейді Полиция департаменті.

Департамент өкілдері осындай қайғылы оқиғалардың алдын алу үшін ата-аналарға бірнеше кеңес ұсынады. Айтуларынша, бала терезені өз бетінше аша алмайтындай бекіткіштер орнату қажет. Сонымен қатар терезе маңындағы жиһазды алып тастап, баланы жалғыз қалдырмау маңызды. «Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау — ересектердің басты міндеті», — дейді полиция қызметкерлері.

Бала психологиясына әсер ететін фактор көп. Психолог мамандардың айтуынша, кейбір балалардың терезеден секіруге немесе өз-өзіне зақым келтіруге баруы — күрделі ішкі жағдайлардың, эмоциялық дағдарыстар мен түсінілмеген сезімдердің салдары болуы мүмкін.

Психолог Балабек Кеніштайұлының айтуынша, мұндай әрекетке итермелейтін негізгі себептердің бірі — баланың өзін ешкім түсінбейді деп сезінуі. Оның айтуынша, кейбір балалар айналасындағы ортадан эмоционалдық қолдау көрмей, ішкі дүниесін сыртқа шығара алмайды. Салдарынан түрлі экстремалды әрекеттер арқылы өзіне назар аудартуға тырысады.

— Терезеден секіруге немесе қауіпті әрекетке баруға көптеген фактор әсер етеді. Соның ішінде баланың өзін өзгелер

түсінбейді деген сенімі жиі кездеседі. Кей жағдайларда балалар бір-бірімен бәсекеге түсіп, қауіпке бас тігеді. Мысалы, «Көпірден секіре аласың ба?» деген тәртізді сынақтар — өкінішке қарай, ойыннан қайғылы жағдайға ұласып кетуі мүмкін, — дейді маман.

Оның сөзінше, 3 пен 6 жас аралығындағы балалар өлім ұғымын толық түсінбейді. Олар үшін терезе — қызықтың бір түрі болуы мүмкін. Яғни, бұл жаста баланың құлап кетуі көбіне байқаймай, ойнап отырып орын алады.

Ал 13—17 жас аралығындағы жасөспірімдерде тұлғалық мені қалыптасып, өзінше ойлау мен сезіну қабілеті күшейеді. Бұл кезеңде «менің пікірім маңызды», «мен де тыңдалуым керек» деген ішкі қажеттілік алға шығады.

Осы ретте ол ата-аналарға баламен бала кезден бастап жылы әрі сенімді қарым-қатынас орнатудың маңыздылығын ескертеді. Баланың әр сөзіне құлақ асып, өз пікірін айтуға мүмкіндік беру отбасылық байланысты бекітеді.

Баланы бақылаусыз қалдырмау қарапайым қағида екенін түсінгеніміз жөн. Бұл — ойлануға, әрекет етуге шақыратын нақты белгі. Осындай жауапсыз әрекеттердің арты орны толмас өкінішке алып келеді. Терезе ашық тұрған сайын қауіп те ашық тұрады. Ал оны жабатын тек ересектердің жауапкершілігі.

Әсет ҚАЛИ

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ



Аграршылар дабыл қақты: ылғалсүйгіш дақыл шаруашылығының жағдайы бұрын нашар еді. Енді басталған суды қатаң үнемдеу оның түбіне жетіп, жойып тынбақ. Ресми статистика бойынша мақта өндірушілер 2022 жылы 116,7 млрд теңгенің өнімін жинаса, егістігінің күрт азаюы кесірінен 2024 жылғы бұл көрсеткіш екі еседей, 61,2 млрд теңгеге дейін кеміп кетті. Депутаттар оның жойылуына жол беруге болмайтынын айтады, өйткені бұл стратегиялық сала: жеңіл өнеркәсіп сыртында, қорғаныс, оқ-дәрі жасау үшін де мақта керек. Бұл істе мемлекеттің өзгеге тәуелді болғаны елге қауіп.

Айхан ШӘРІП

Мұнда ізгі үлгіні алыстан іздеудің қажеті жоқ. Аймағымыздағы Тәжікстан биыл мактаны 100% терең өңдеуге қол жеткізгелі тұр. Осының арқасында тәжіктер әлемге тоқыма экспортынан табатын табысын 3 миллиард долларға жеткізбек. Asia-Plus порталының жазуынша, кеңес заманынан бері Тәжікстан мақта шитінің тек 30%-ын өңдеп келген.

Батыс инвесторларының қолдауымен, тәжік Үкіметі бұл санды 100%-ға, ал тоқыма экспортын — 10 есеге дейін арттырып жатыр. Бұл хабарды ТР премьер-министрі Кохир Расулзода жеткізді. Ел тоқыма-мата саласын басымдық деп жариялады. Өнеркәсіп және жана технологиялар министрі Шерали Кабир мақта-тоқыма саласын қарқынды дамытуға Үдемелі индустрияландыру мен өнеркәсіптік өндірісті бесжылдықта екі еселеу жөніндегі ІV Ұлттық стратегия аясында қол жеткізілгенін мәлімдеді.



Мақта шаруашылығының дамуына тежеу болып тұрған тағы бір фактор – әлгі 3 кәсіпорын дайын өнімін ішкі нарықта өткізе алмайды. Мәселен, TOO AZALA Textile фабрикасы тауарын өткізе алмауы себепті 2025 жылғы наурыздан жұмысын тоқтатты. Дәл осы кезде жыл сайын ұлттық компаниялар тоқыма тауарларын сатып алу үшін миллиардтаған қаржы жұмсайды. Бір ғана «Қазақстан темір жолының» осы сатып алуы 40 миллиард теңгеден асты. Олай болса, мақта кластерін дамыту үшін отандық зауыт-фабрикалармен ұзақ мерзімді офтейк-контракт бекітіп, қолдау көрсетуі қажет

— Бүгінде тоқыма секторы инновация орталығына айналды. Біз жетекші елдердегі озық жабдықтарды өндірушілер, инвесторлар мен серіктестер тарапынан елімізге қызығушылықтың өскенін байқап отырмыз. Сол себепті мақта шитін шетелге шикізат күйінде шығармай, толығымен өзімізде өңдеуге шешім қабылдадық, — деді тәжік министрі.

Осы саясат аясында толық циклды кластер құрылды: ол мақта өсіруден бастап, одан дайын өнім жасауға, тұқым мен өнім сапасын бақылау, сертификаттау және инновация енгізуге дейінгіні қамтиды. Бұл істе тәжік еліне халықаралық ұйымдар мен батыс кеңесшілері көмекке келді. Үкімет шетелдік инвесторлар үшін қолайлы жағдай жасады, салық және кеден жеңілдіктерін ұсынды. Қажетті инфрақұрылымы бар өнеркәсіптік аймақтар жұмыс істейді, кадрлар даярланады. 600 мың жаңа жұмыс орны ашылған, тәжік мигранттары Ресейден оралып жатыр.

Бізде ше? Мақта бүгінде тек бір өңірде — Түркістан облысында ғана өсіріледі. Бұл бағытта 25 мыңдай фермерлік және жеке шаруашылықта 70 мыңға жуық адам еңбек етеді. Жыл сайын 120 мың гектарға жуық алқапта мақта егіліп, 300 мың тоннадан астам шитті мақта жиналады.

—Мемлекет басшысы мұнайдан тыс салаларды дамытуға басымдық беріп, экономиканы әртараптандыруды кезек күттірмейтін маңызды мін-

САЛА ҚУАТТЫ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Елімізде мақта талшығын терең өңдейтін тек 3 кәсіпорын қалды. Олардың өзі елде өндірілген мактаның небәрі 15%-ын өңдейді. Қалғаны, 85%-ы шикізат күйінде және арзанға шетелге экспортқа кетеді. Түркістан өңірінде болған Сенат депутаттары елде мақта өнімін қайта өңдеу қызметінің ақысы тым жоғары екенін айтады. Құны тоннасына 150-170 мың теңгеге жетеді. Мақта өңдеуде жаһандық алғашқы ондыққа кіретін Қытай мен Өзбекстанда қызметтің бұл түрінің құны тоннасына 40—60 мың теңгені құрайды. Яғни, біздегі өңдеу құны олардан 3 есе қымбат.

Мұнда сапасы керемет, «ең жоғарғы сынып» болса сөз жоқ қой. Халықаралық нарықта өңдеуден өткен мақта талшығы 35—60 см болған жағдайда жоғары бағаланады екен, ал Қазақстанда өңделген мақта талшығының басым бөлігі 20—25 см ғана! Ең заманауи, жаңа деген зауыттарда — 30—35 см-ге әзер тартатын көрінеді.

—Мақта шаруашылығының дамуына тежеу болып тұрған тағы бір фактор — әлгі 3 кәсіпорын дайын өнімін ішкі нарықта өткізе алмайды. Мәселен, TOO AZALA Textile фабрикасы тауарын өткізе алмауы себепті 2025 жылғы наурыздан жұмысын тоқтатты. Дәл осы кезде жыл сайын ұлттық компаниялар тоқыма тауар-

ларын сатып алу үшін миллиардтаған қаржы жұмсайды. Бір ғана «Қазақстан темір жолының» осы сатып алуы 40 миллиард теңгеден асты. Олай болса, мақта кластерін дамыту үшін отандық зауыт-фабрикалармен ұзақ мерзімді офтейк-контракт бекітіп, қолдау көрсетуі қажет, — деді М.Қадырбек.

«Су үнемдеудегі» асыра сілтеу де саланың сорына айналыпты: сенатор ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитеті ағынсу тарифтерін бекіту барысында «ҚазСуШар» РМК-ға шаруаларға қолайсыз, жоғары тарифтерін бекітіп бергенін атап өтті. Бұл да мақта өсірушілерді қарыз бен қыпқызыл шығынға батырды. Оның біразы банкрот болып, өндірісін жауып тастапты. Сондықтан Сенат саланы құртып тынбау үшін Үкіметке «Мақта саласын дамыту туралы» жеке заң әзірлеуді ұсынды. Мемлекеттік қолдау шаралары сонда толыққанды көрініс табуы қажет.

Мұның сыртында Сенат депутаттары шаруа қожалықтарынан мактаны сатып алып, тұрақтандыру қорын құруды жергілікті әкімдіктерге тапсыруды, «Аграрлық несиесі» корпорациясына» шаруалар өнімін сатқанға дейін несиесін қайтару мерзімін ұзартуды жүктеуді ұсынды. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі әкімдіктермен бірлесіп, Тәжікстан, Өзбекстанның тиімді де заманауи мақта

Екіншіден, мақта өнімін сатып алу бойынша тұрақтандыру қорлары құрылмайтын болды. Өйткені тұрақтандыру қоры әрбір өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін және баға тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Басты міндет — нан, тұз, ет, май сияқты халыққа бірінші кезекте қажетті әлеуметтік маңызды азық-түлік бағасының өсуіне жедел әрекет ету және тапшылығына жол бермеу. Үкімет басшысының түсіндіруінше, мақта тамаққа да, бірінші кезекте қажетті тауарлар қатарына да жатпайтындықтан, оны сатып алатын тұрақтандыру қорын құру орынсыз!

Үшіншіден, Үкімет мақта өсіруші шаруалардың несиелерін оңтайлы кейінге қалдыруға көп бара алмайды екен. О.Бектенов «Банктер және банк қызметі туралы» заңға сөйкес «Аграрлық несиесі» корпорациясы» АҚ-ның банктік операцияларын Ұлттықбанк реттеп, қадағалайтынын баса айтты. Ал мақташылар сияқты жекелеген қарыз алушылардың міндеттемелерін жаппай қайта құрылымдау «кредиттің құнсыздануының факторы ретінде қаралады». Салдарынан, бұл несиені тәуекелдің үшінші деңгейіне көшіруге, кредиттік портфель сапасының нашарлауына және қайта қаржыландыру мүмкіндіктерінің шектелуіне соқтырады.

Төртіншіден, мақта саласын дамытудың жеке бағдарламасы дай-

МАҚТАМЫЗБЕН МАҚТАНА АЛМАЙ ОТЫРМЫЗ

кластерін құру мәселесін пысықтауы қажет. Бұдан басқа мақта сапасын жақсарту және оны әлемдік нарыққа шығару үшін мақта шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламасын әзірлеу және енгізу маңызды.

ҰСЫНЫСТАР НЕГЕ ҮКІМЕТТІ
«ҰРҚИТТЫ»?

Алайда бүгінде Үкіметтің бұл ұсыныстарды құптамағаны жария болды. Оны сенаторларға жолдаған хатында Үкімет басшысы мәлімдеді.

Оның айтуынша, біріншіден, саланы дамыту туралы жеке заң жобасы әзірленбейді. Себебі теріс тәжірибе болды: 2021 жылға дейін «Мақта саласын дамыту туралы» заң қолданылды. Ондағы мақта қолхаттары жүйесін және тиісті тетіктерді шамадан тыс реттеу, кепілмен қамтуға қойылатын шектеулер қаржы институттары мен мақта өңдеу кәсіпорындары арасындағы өзара іс-қимылдың

ыңдалмайды. Саланы қолдау Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2022—2025 жылдарға арналған Жол картасы, сондай-ақ Мақта-тоқыма кластерін құрудың Жол картасы аясында іске асырылады. Саланы одан әрі дамыту үшін кластерлік тәсілді және технологиялық жаңғырту шараларын күшейтіп, Тоқыма өнеркәсібін дамытудың 2026—2030 жылдарға арналған жана Жол картасын әзірлеу қарастырылмақ. Онда мақтаға арналған шағын бөлім болмақ.

Үкімет басшысы елде бірқатар ірі инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланғанына екпін түсірді: Global Textile Turkistan ЖШС жобасы — мақта талшығын, сұр және боялған мата, трикотаж өндірісі (іске қосу мерзімі: 2025—2027 жылдар, инвестицияның көлемі — 20,7 млрд теңге, 2 мыңдай жұмыс орны құрылуға тиіс). TST Jetisay Textile ЖШС иіру, тоқу және тігін фабрикаларын салуды жоспарлап отыр: іске асыру мерзімі



бұзылуына әкеліп, саланың дамуына кері әсерін тигізіпті.

—Осыған байланысты әкімшілік кедергілерді азайту, инвестициялық ахуалды жақсарту және өңдеу ұйымдарының жұмыс істеу жағдайларын оңайлату үшін 2022 жылы аталған заңның күшін жою туралы шешім қабылданды. Қазір саланы реттеу «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» заңы және басқа нормативтік құқықтық актілер аясында жүзеге асырылуда. Осыны ескере отырып, мақтаға арналған жеке заңды қабылдауды орынсыз деп санаймыз, — деді Премьер-Министр Олжас Бектенов.

2025—2027 жылдар, инвестициясы — шамамен 41,5 млн доллар, 250 жұмыс орны ашылмақ. Қытайлық Kazakhstan LINGUA ЖШС мактаны өсіруден дайын өнім шығаруға дейінгі толық циклды жобаны іске асыруды көздеп отыр, 2 мыңнан аса жұмыс орны құрылмақ. Түркістан облысында мақта тұқымы зауыты жаңғыртылуға тиіс: қуаты — жылына 1,5 мың тонна, 2025 жылдың соңында пайдалануға берілуі мүмкін.

ӨНІМІ ОНЫҢ КӨЛ-КӨСІР

Үкіметтің мұндай ұстанымына депутаттар келіспейді. Ұзақ жыл қордаланған мәселелерді тек кешенді

шаралармен, жан-жақты қамтитын бағдарламамен шешуге болады. Бірлі-жарым, «нүктелі» жобалар жүрелеген бүкіл саланы тізесіне тік тұрғызбайды. Фермер мақта шитісін егіп, жинауды қойса, Үкімет үміт артқан қытайлық және басқа жана кәсіпорындарға, іске қосылған соң, шикізатты Қытайдың Шыңжаңынан тасуға тура келеді. Демек, Қазақстан бәрібір тәуелді болып қалады.

«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Темір Қырықбаевтың мәліметінше, Жетісай, Мақтаарал, Шардара, Сауран, Ордабасы, Арыс, Отыар, Бөйдібек, Келес аудандарында 70 мыңға жуық отбасы мақтамен күн көріп отыр. Сала күйресе, оның бәрін Үкімет қайда орналастырады, сонша отбасыны мемлекет қамқорлығына ала ала ма?

—Мактаны өткізу бағасы оны өсіру шығындарын да өтемей жатады. Басқа мемлекеттерде өндірілген өнімнің сатылымнан кейінгі шығынын, айырмашылығын мемлекет өтеп береді. Сөйтіп, саланы жайрап қалудан қорғайды. Қазақстанда мақта дақылын өсіріп, жинаумен айналысатын шаруаларға пәрменді қолдау көрсетіп, мақта өндірісіне жұмсалған шығыны мен оны сатуға айырмашылығын мемлекет есебінен төлеуді қолданысқа енгізу қажет, — деді Т.Қырықбай. Бірақ жеке заң мен бағдарлама болмаса, мұндай да жеңілдік енгізілмейді.

Депутаттар бұл салада жаңа зауыт-кәсіпорындардың ашыларына сенбейді. Себебі қолданыстағылары қиындықтан бас көтере алмады. Депутаттың мәліметінше, Түркістан өңіріндегі мақта өңдеу зауыттары өндірістік шығындары тым зорайып кеткеніне шағымданып, өнімнің өзіндік құнын арзандату үшін өздеріне электр энергиясын көтерме бағада сатуды сұрады. Мақта зауыттары алдыңғы жылдары 1 квт/сағат электр энергиясына — 27 теңгеден төлесе, 2024 жылдан бастап ол 37 теңгеге көтерілген. Биыл да өсті, келесі жылы тағы жоғарылату жоспарланған.

Бұл ретте көтерме бағаны пайдалану үшін орташа тәуелдікті (базалық) қуаттың кемінде 1 МВт көлемін тұтыну керек екен. Әйткенмен, мақта зауыты майнинг фермасы емес, сонша қуатты қажет етпейді. Салдарынан, аталған жеңілдікті пайдалануға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан Мәжіліс мақта кәсіпорындары үшін шектік норманы 0,5 МВт/сағатқа дейін төмендетуді ұсынды. Әзірше шенеуніктер оны да құп көретін емес.

Өз кезегінде АШМ макташылардың қолдаудан қағажу қалғанын жоққа шығарды. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров ведомство оларға өндірістің барлық циклін қамтитын мемлекеттік қолдау шараларын көрсететінін нықтады.

—Тұқымдарды, минералды тыңайтқыштарды, пестицидтерді, био-агенттерді, суару шығындарын, мактаны өңдеуге тапсыру кезіндегі өндірісті қолдауды субсидиялау, сондай-ақ инвестициялық субсидиялау жүзеге асырылады. Ол аз болса, кредиттерінің пайыздық ставкасы да субсидияланады, егіс және егін жинау жұмыстары жеңілдетілген кредитпен қамтамасыз етіледі. Бұл шаралар шығынын азайтуға және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Мақта — тұқымды 100% субсидияланатын жалғыз дақыл! Басқа дақылдар бойынша берілетін мұндай субсидия 15-50% ғана, — деді А.Сапаров.

Министр су ресурстарын үнемдеу науқаны мақта шаруашылығының түбіне жетпейтініне сендірді. Тек ди-кандар су үнемдейтін технологияларға көшуге тиіс: «Мақта ылғал сүйгіш дақыл, ол дамуының барлық кезеңінде көп мөлшерде суды қажет етеді. Бұл мактаның өнімділігі мен сапасына тікелей әсер етеді. Сондықтан фермерлер су үнемдеу технологияларын, соның ішінде тамшылатып суаруды енгізуі керек. Осыған ынталандыру үшін министрлік мұндай инвестициялық салымдардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары мен шенберінде де мемлекеттік қолдау көрсетеді», — деді министр.

Қалай болғанда, қалауын тапса, шетелге шетінен шикізат түрінде сатпаса, мактадан мыңдаған өнім өндіруге болады. Одан жіп, мата, киімкешек, гигиена мен медицинаға арналған өнімдер, снаряд пен өзге жарылғыш заттар, пластмасса, қағаз-картон, ла-кбояу, тамақ өнімдері (тұқымынан), малға азықкем, тыңайтқыштар және басқасы алынады. Осы «ақалтынынан» казак елі айрылып қалмай, сақтап, дамытып, келер ұрпаққа асыл мұрадай табыстағаны жөн.

ТҰРМЫСТАҒЫ ТАУҚЫМЕТ

2024 жылғы 15 сәуірде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйелдердің құқықтарын қорғау мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды заңға қол қойды. 16 маусымнан бастап күшіне енген бұл заң еліміздегі отбасылық зорлық-зомбылықпен күресте жаңа белестің басталуына жол ашты. Жаңа заң қабылданған бір жылға жуық уақыттың ішінде отбасындағы зорлық-зомбылық азайды ма? Тұрмыстық зорлық-зомбылық статистикасы неге тұрақты емес?

ҮЙ ІШІНДЕГІ ҮРЕЙ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректеріне сүйенсек, 2010 және 2024 жылдар аралығында жеке тұлғаға қарсы жасалатын қылмыстар саны біркелкі емес. Мысалы, кісі өлтіру үш есеге азайған: 1,4 мыңнан 449 жағдайға дейін. Сондай-ақ «зорлау», «жыныстық сипаттағы күш қолдану», «абайсызда кісі өліміне себеп болу» секілді баптар бойынша да қылмыстың азаюы байқалады. Дегенмен бұл — жалпы статистика. Яғни, қылмысты отбасы мүшесі ме әлде бөтен адам жасады ма ол ескерілмейді. Ал отбасы ішіндегі кісі өлтірулердің үлесі — аландатарлық. Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың есебіне сенсек, қазіргі таңда еліміздегі әр төртінші кісі өлтіру отбасында орын алады. Бұл — жалпы қылмыстың 23%-ы. 2018 жылы бұл көрсеткіш 17% болса, 2019 жылы 16% болған. Яғни, жалпы кісі өлтіру азайғанымен, отбасылық жағдайда жасалғандары баяу азайып, тіпті үлесі өсіп отыр.

Соңғы жылдары құқық қорғау органдары «денсаулыққа орташа немесе жеңіл зиян келтіру», «ұрып-соғу» сияқты істерді бұрынғыдай әкімшілік құқықбұзушылық емес, қылмыстық іс ретінде қарастырып келеді. Бұл — заңнамадағы 2024 жылғы өзгерістердің нәтижесі.

ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚТЫ ЖАСЫРАТЫНДАР КӨП

Бұған дейін тұрмыстық зорлық-зомбылық Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 73-бабымен қаралатын. 2024 жылдан бастап бұл баптан «денсаулыққа зиян келтіру» тармақтары алынып тасталып, тек «қорлау», «мүлікке зиян келтіру», «жеке ар-намысқа тию» сияқты әрекеттер ғана қалған. 2010 жылы осы баппен 60,5 мың іс тіркелсе, 2024 жылы — 74,3 мың. Бірақ бұл жерде бір айырмашылық бар: 2010 жылы бұл көрсеткішке ұрып-соғу фактілері де кіретін.

2015—2017 жылдары мемлекет отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыстық деңгейде қарастырып, жаза күшейтілген болатын. Нәтижесінде, кісі өлтіру деректері күрт төмендеген. Ал 2017 жылдан кейін заң қайта жұмсарып, декриминализация басталған соң, қылмыстар қайта көбейе бастаған.

Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың көптеген жағдайы көмек сұрауға байланысты стигмаға байланысты құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалады. Құқық қорғау органдары академиясының мәліметтері бойынша, жыл



«махаббат», «қызғаныш» немесе «тәрбие» түрінде көрінуі мүмкін. Жәбір көрсетуші өз әрекетін осындай желеумен ақтап, ал жәбірленуші оны қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастайды.

ЖАҢА ЗАҢНАН КЕЙІНГІ ЖАҒДАЙ

Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заң мыңдаған әйелді абьюзивті қарым-қатынастан шығуға итермеледі, оларға құқықтық қауіпсіздік пен қашуға мүмкіндік берді. Сондай-ақ әйелдерге өмір сүруге және озбырлықтан арылуға көмектесті. Бас прокуратураның мәліметінше, 2023 жылы Құқық қорғау органдарына тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 100 мың шағым түскен. Бұл соңғы бес жылдағы жиынтық есептен үш есе көп. Мұндай көрсеткіштер қазіргі жағдайдың ауырлығын және Президент қабылдаған заңның қажеттілігін толық түсіндіреді. 2024 жылдың қаңтар-тамыз айларында елімізде отбасыларда 1,6 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді, бұл 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,8 есе көп. Өңірлер бойынша ең көп отбасылық-тұрмыстық қылмыстық құқықбұзушылықтар Алматы облысында жасалған: 2023 жылы 56 жағдай, 2024 жылы 202-ге дейін жетті. Жылдық өсім 3,6 есеге тең. Бір жыл ішінде Алматыда осы саладағы

ған. Олардың ішінде 11,5 мыңы қамауға алынған. Бұл көрсеткішті 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, әкімшілік жауапкершілікке 35 083 адам тартылып, тек 5,9 мыңы ғана қамауға алынғаны белгілі болды. Бұл құқықбұзушыларға қатысты қатаң шаралар қабылдана бастағанын көрсетеді.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ БАСҚА ЕЛДЕ ДЕ БАР

БҰҰ-ның еліміздегі әйелдер өкілдігінің басшысы Дина Амришеванын айтуынша, гендерлік зорлық-зомбылық барлық елдер үшін өзекті жаһандық проблема екенін.

— Өкінішке қарай, бұл адам құқықтарын бұзудың ең кең тараған түрі болып қала береді. БҰҰ мәліметі бойынша, әлемде әрбір үшінші әйел зорлық-зомбылыққа ұшырайды. UN Women жаһандық веб-сайтында жарияланған «Гендерлік сауалнама—2023» жыл сайын 245 млн әйел мен қыз өздерінің жақын адамдарынан физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа ұшырайтынын жазды, — деді Дина Амришева.

Қыз-келіншектерге қоқан-лоққы көрсету бойынша Тынық мұхиты елдері әлемде көш бастап тұр. Әсіресе, Кирибати, Фиджи, Самоада жағдай күрделі. Бұл елдерде әйелдердің 60%-дан астамы өмір бойы серіктесінен зәбір көреді. Ал әр бесінші әйел жұмыс орнында жыныстық қудалауға ұшырайды. Зорлық-зомбылықтың күрделі әрі жасырын түрі, технология арқылы қиянат жасау да көбейген. Кейінгі дерек көрсетіп отырғандай, ер адамдардың серіктесін телефон арқылы бопсалап, қысым көрсетуі жиілеген. Әйелін қаржылай бақылап, онлайн банкингке шектеу қою деректері де көп.

Әйелдерге ерлермен тең мүмкіндік беретін ел ретінде танылған Исландияда тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі ұшығып тұр. Исландия университетінің кейінгі зерттеуіне сәйкес, әр төртінші исландиялық әйелдің өмірінде физикалық немесе сексуалдық зорлық көргені анықталған. Алайда олардың 12%-ы ғана полицияға жүгінеді. Сарапшылар бұл жағдайды «Скандинавиялық парадокс» деп атап отыр. Бұл теңдікке ұмтылған қоғамда да зорлық-зомбылықтың жоғары деңгейі байқалатынын көрсетеді. Исландия үкіметі кейінгі жылдары әйелдерге арналған уақытша баспана құрып, цифрлық зорлық-зомбылықты қылмыс ретінде тану туралы заң қабылдады. Алайда сарапшылар бұл шаралардың жеткіліксіз екенін және зорлық-зомбылық құрбандарына көбірек қолдау көрсету қажет дегенді айтады.

Орталық Азия аймағында 35 млн-ға жуық әйел зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жүр. Бұл елдердегі кей әдет-ғұрыптар мен ескі түсінік олардың құқығын шектеп, тұрмыста таяқ жеуіне түрткі болып отыр дейді мамандар.

P.S.....

Жыл сайын отбасылық зорлық-зомбылық туралы ашық айтылып, заңдар күшейіп, алдын алу шаралары көбейіп жатқаны қуантады. Қылмыстық көрсеткіштерден де он өзгеріс байқалып, отбасы ішіндегі қылмыстардың үлесі азайған. Дегенмен қоғамның көп бөлігі әлі күнге дейін өз құқықтарын қалай қорғау керектігін білмейді.



«Абьюз» сөзі соңғы кездері қоғамда жиі айтылып жүр. Алайда абьюзерлік тек ер адам мен әйелдің арасындағы қарым-қатынаста емес, әріптес, құрбы не жақын бауырыңыз, тіпті ата-анаңыз тарапынан да жасалуы мүмкін. Күнделікті өмірдегі абьюзердің портреті қандай? Адам абьюзер екенін алдын ала қалай анықтауға болады?

АБЬЮЗЕРДІ ҚАЛАЙ АНЫҚТАУҒА БОЛАДЫ?

«Абьюзер» ағылшын тілінен аударғанда «зорлық көрсетуші», «қиянат жасаушы» деген мағынаны білдіреді. Психологиялық, эмоционалдық, физикалық немесе сексуалдық тұрғыда өзге адамға жүйелі түрде қысым көрсететін, бақылауда ұстайтын, қорлайтын адамды абьюзер деп атаймыз. Психологтардың айтуынша, абьюзерлер — шын мәнінде психологиялық тұрғыдан өте әлсіз адамдар. Дәлірек айтсақ, әке-шешенің қатыгез тәрбиесінің, көрсеткен отбасы моделінің құрбаны. Адам қаншалықты қатыгез болса, соншалықты қорқақ деген сөз.

— Аналитикалық тұрғыда логикалық ойлай алатын адамдар отбасындағы абьюзерлік қарым-қатынасты өздері де анықтай алады. Бірақ кейбір адамдар үнемі иллюзияда жүреді. Зорлық-зомбылықты «байқамай қалды, келесі жолы қайталамайды, бір-ақ рет болды» деп ақтап алады. Абьюзердің «ашумен істедім, мастықпен, эмоцияға берілдім» деген алдауына сеніп, уақыт созырып алатындар да бар. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың да түрі көп. Олар эмоциялық қысым, сексуалдық зорлық, экономикалық зомбылық, газлайтинг деп бөлінеді, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Зорлық-зомбылықтың төрт түрі болады: физикалық, психологиялық, экономикалық және жыныстық. Біз қазір физикалық зорлық-зомбылық туралы сөз қозғап отырмыз. Ал зорлықтың бұл түрі бір күнде басталмайды. Бастапқыда керемет романтикалық әрекеттер жасайды, сыйлықтар береді, жылы сөздер айтады. Уақыт өте келе «Біздің бір-бірімізді сүйетініміз соншалық, бізге ешкімнің де қажеті жоқ» деген сөздер айтылады. Осылайша, әйел адам психологиялық қақпанға түседі. Ал газлайтинг — абьюзерлерде кенінен тараған әдістердің бірі. Яғни, ол «құрбанын» бейәдекват ретінде көрсетіп, «Саған солай көрінген ғой, олай болған жоқ» деп жиі айтады. Сонымен қатар абьюзер құрбанын құнсыздандыруды жақсы көреді. Олар «Сенің достарың саған кері әсер етеді», «Жұмыс істеп қайтесің?», «Ол сенің қолыңнан келмейді», «Қоя салшы, өзім істеймін» деген сияқты сөздерді айтады.

— Абьюзерлер барынша жұбын бақылауда ұстауға ұмтылады. Телефонның тексеріп, жүріп-тұрғанын көзден таса қылмайды. Жұбы мысық аяйтып, кекетіп отырады. Жұбайына ақша бермейді, қаржылық тұрғыда бақылауда ұстайды. «Ақшаны қайда ұстадың?» деп есебін алып отырады. Достарының, ағайындарының қасында айғайлап, ұрсып сөйлейді. Көбіне әйелдер осының бәріне көз жұмып қарап, абьюзердің құрбанына қалай айналғанын өздері байқамай қалады. Абьюзерлер мықты манипуляция жасайды. Үнемі өзінікі


дұрыс екенін, жұбынікі қате екенін айтып отырады, — дейді психолог.

Көпшілік біле бермейтін тағы бір маңызды жайт — отбасылық зорлық-зомбылықтың 40–45% жағдайда ерлерге бағытталуы. Бұл — өте сирек айтылатын, бірақ өзекті мәселе. Кейде әйелдер күйеуін жүйелі түрде жәбірлегеннен кейін кісі өлтіруге дейін барады. Бұл да отбасындағы зорлықтың салдары. Мұндай фактілер отбасылық саясаттың әлсіз тұстарын айқын көрсетеді. Психологтердің айтуынша, әйелдерден де абьюзер шығады. Бірақ әйелдердегі абьюзерлік белгісі басқаша болуы мүмкін. Оның ішінде, белгілі бір зат арқылы агрессия көрсету. Яғни, әйел агрессияны физикалық тұрғыда емес, нақты бір заттар арқылы көрсетеді. Мысалы, ыдысты, техниканы сындырып, заттарды бүлдіруі мүмкін.

— Абьюзерді өзгерту өте қиын. Өйткені оның табиғаты сондай. Себебі ер адам өзінің абьюзерлік әрекетін «еркектік болмысым» деп ақтайды. Абьюзерді өзгерту үшін психолог онымен ұзақ уақыт жұмыс істеуі керек. Абьюзермен қарым-қатынас орнатқанда оның эмоциясына қарай жауап беру қажет. Ол ашуланса, онымен бірге дауласудың қажеті жоқ. Әйел адам өз бағасын, өз шекарасын анық қоя білуі керек. Егер одан абьюзер аттап өтетін болса, онда дер кезінде әрекет жасауы қажет, — дейді психолог Балабек Сақтағанов.

Былтыр тұрмыстық зорлық-зомбылықтың ішкі табиғатын, әсіресе абьюзерлік қатынастың қалай қалыптасатынын, қалай жалғасатынын және оны ұзу қаншалықты қиын екенін көрсететін «Бәрі бізбен аяқталады» (It Ends With Us) фильмі жарыққа шықты. Лили мен Райл арасындағы қарым-қатынас — сырттай мініс көрінетін, бірақ іштей зорлық пен бақылауға негізделген байланыс. Райл — табысты, сымбатты дәрігер. Бастапқыда ол Лилиге ерекше қамқор, сыйластықпен қарайды. Бірақ уақыт өте келе, Райл Лилиге эмоциялық қысым жасай бастайды. Олардың қарым-қатынасындағы абьюзерлікті тіпті көрермен де аңғара алмайды. Лили кеткісі келгенімен, оның ішінде шатасқан сезімдер болады: махаббат, қорқыныш, үміт, кінә. Бұл — абьюзерлік шеңбердің классикалық көрінісі: зорлық — кешірім — уәде — тыныштық, қайтадан зорлық. Фильм көптеген әйелдер бастан өткеретін күрделі ішкі күйзелісті, тәуелділікті, қоғамдық қысымды және зорлықтың тек физикалық емес, психологиялық сипатын да көрсетеді. Ол тек махаббат жайлы емес, өзін қорғау, шешім қабылдау, токсикалық қатынасты ұзу жайлы хикая. Біздің қоғамда да, тіпті қасымызда да Лили мен Райлдар бар. Бірақ олардың барлығы бірдей абьюзерлікті тоқтатуға қауқарсыз. Қатыгездіктің жалғыз емі — оған төзбейтін қоғам қалыптастыру.

Отбасылық-тұрмыстық салада жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қаңтар-тамыз | Бірлік



сайын әйелдердің шамамен 70–90 пайызы полициядан көмек сұрамайды. Бұл — көп жағдайда есепке алынбайтын факт. Салдарынан, тұрмыстық зорлық-зомбылық статистикасына деген сенім азаяды. Зорлық-зомбылықтың құрбандарына «Неге бөріне қолыңды бір сілтеп кетіп қалмайсың?» деген сұрақ жиі қойылады. Психолог Бұлбұл Қабыдолованың айтуынша, бұл сұрақтың түбінде зорлық-зомбылықтың табиғатын терең түсінбеу, оның қаншалықты күрделі екенін бағаламау жатыр.

— Адамдар арасындағы қарым-қатынас біз ойлағаннан да күрделі. Оны не жаман, не жақсы деп бөліп қарастыра алмаймыз. Себебі көп әйел үшін қарым-қатынаста тек зорлық емес, басқа да факторлар бар — ортақ өткен шақ, бала, қоғамның қысымы, қаржылық тәуелділік. Кеткісі келгенімен, барар жері мен тірегі болмағандықтан, амалсыз бірге тұрып жатқан әйелдер көп. Егер олардың жеке баспанасы, тұрақты табысы және қолдаушы ортасы болса, ажырасу көрсеткіші әлдеқайда жоғары болар еді, — дейді маман.

Сонымен қатар кей әйелдер өздерінің зорлық көріп жүргенін аңғармайтыны да айтылып жүр. Өйткені кейде зорлық

оқиғалар саны бірден 7 есе өсіп, 155 жағдай тіркелген. Антирекорд орнатқан үштіктер қатарында Түркістан облысы да бар. Ал отбасылық-тұрмыстық саладағы ең аз қылмыстық құқықбұзушылықтар саны Ұлытау (29 жағдай), Абай (35 жағдай) және Солтүстік Қазақстан (42 жағдай) облыстарында.

Дегенмен Ішкі істер министрлігі жана заңның күшіне енуі тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты статистиканың айтарлықтай төмендеуіне себеп болғанын айтады. Мысалы, 2024 жылы 16 маусым мен 31 желтоқсан аралығында тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 40 012 хабарлама келіп түскен. Бұл көрсеткішті сәйкес кезеңімен салыстырсақ 28%-ға азайған. Ал 2023 жылы 16 маусым мен 31 желтоқсан аралығында 55 453 хабарлама түскен.

Сонымен қатар ПМ биылғы жылдың басынан бері тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты 22 322 хабарлама келіп түскенін мәлімдеді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20%-ға төмен (2024 жылдың 4 айында — 28 189).

Мемлекет бұл мәселені жүйелі шешу үшін нақты шараларды қолға алып отыр. 2025 жылдың басынан бастап 32,2 мың азамат әкімшілік жауапкершілікке тартыл-

РУХАНИЯТ

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН



«Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында. XVI–XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталарындағы Қазақ Мемлекеті» тақырыбы шеңберінде Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Заманауи зерттеулер институтының директоры, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің (Көкшетау қ.) Құрметті профессоры, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің (Орал қ.) құрметті профес- соры, филология ғылымдарының кандидаты, саясаттану бойынша философия докторы (PhD) Мұхит-Ардагер Қаржаубайұлы Сыдықназаровтың еңбектері 2025 жылғы Қазақстан Республикасының А.Байтұрсынұлы атындағы гуманитарлық ғылымдар саласындағы Мемле- кеттік сыйлығына ұсынылып отыр.

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТЕТІН ЕҢБЕК

Ғалым Мұхит-Ардагер Сыдықназаров жа- рыққа шығарған бұл көлемді еңбектер кейінгі жылдардағы Қазақстан қоғамындағы зор құ- былыс. Республиканың әлемге танылуына септігі тиетін ғылыми шығармашылықтың жемісі. Туындының үш тілде жарыққа шығуы дүниежүзілік жұртшылықтың бірден назарын аударды. Қазақстан секілді постсоветтік мем- лекетті көргісі келетін туристік қауымға ізашар жаналық деп бағалауға болар еді.

Қазақстан Республикасы өзінің өткен тарихымен, Ұлы Жібек жолының бойында жатқан ерекше географиялық орналасуымен көпшіліктің қызығушылығын туғызады. Осы- ған орай Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың кітаптары шетелдіктерді қазақ халқының тари- хымен таныстыратын бірегей туынды. Қазақ- станның жаңа дәуірге қадам басуына орай, дүниежүзіне еліміздің жанаша бейнесін көр- сетуге жәрдем болатын, соған ұлес қосатын еңбек ретінде қабылдауға болады.

Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың атал- мыш еңбектері Отанымыздың тәуелсіздік атты асыл құндылығымен астасып жатыр. Кітаптың идеясы қазақ жерінің мемлекеттік біртұта- стығы мәселесіне барып тіреледі. Сондықтан саяси тұрғыдан да еңбектің маңызы ерекше. Еңбек қолданбалы тұрғыдан тарихшы студент- тер мен магистранттарға зор көмек. Қазақ тарихының соңғы ортағасырлық және отар- шылдық дәуірін зерттеуге ден қойған іздену- шілерге таптырмас бағыт сілтеуші шығарма- шылық өнім.

Бүгінде қазақ мемлекеттілігі, қазақ жерін- дегі мемлекетшілдік сабақтастығы, Жошы ұлысынан қазіргі Қазақстан Республикасына дейінгі үзіліссіз мемлекеттілік байланыс, қазақ мемлекеттілігі мен ұлттық бірегейлік ұғымдары қоғамда кеңінен талқылануда. Осындай ғылы- ми пікірталастар ортасында ұлттық мүддені батыл қолдауға Мұхит-Ардагер Сыдықназаров еңбектері мол көмек берері сөзсіз.

Мемлекет — өзінің атам заманнан бергі тұрғылықты мекенінде халықтың өз тағдырын өзі шешуді көздеген ортақ жүйесі. Мұндай жүйе жерінің аумағымен қатар ортақ тіл мен діл, ортақ дүниетаным мен арман-мұрат, ортақ дәстүр мен мәдениет сияқты киелі ұғымдар айналасында шоғырланумен, ата-баба мира- сын қастерлеп, оны байытып, келер ұрпақ бойына дарытуды мақсат қылғанымен, билік пен қоғамның біртұтастығымен ерекшеленеді.

XIII ғасыр әлем өркениетінде ғаламдық қоғам құрылысының түбірінен өзгеруіне алып келген ұлы бетбұрыстардың кезеңі болды. Соның бірі — Ұлы Далада Жошы ұлысының құрылуы. Жошы — аз ғұмырына қарамастан 60-тан аса ірі шайқасқа қатысып, әлемнің 200-ге жуық қала, қамалын бағындырған ейгілі қолбасшы әрі батыр. Сан елдерді бағындырған әскери стратег, ірі тактик. Шыңғыс ханның ұсынысымен Қыпшақ даласында өз ұлысын құрды. Бұл тарихта «Жошы ұлысы» немесе «Қыпшақ хандығы» деп аталады. Зерттеуші- лердің айтуынша, Жошының қол астына қара- ған аумаққа қазіргі қазақ жерінің 65 пайызы кірген. Кейін бұл аумақтың құрамына Ресейдің еуропалық өңірі, Балтық теңізінің шығысында- ғы өлкелер, Польша, Мажарстан, Балқан ел- дері, Солтүстік Кавказ, Хорезм, Шығыс және Батыс Дешті Қыпшақ даласы енген. Осылайша, Жошы ұлысы немесе Қыпшақ даласы атанған



1580 жыл. Швейцар дүниежүзі глобусындағы «Kasakhi. Turchestan» Қазақ Мемлекеті. Толық көрініс.

ұлан-ғайыр даланың жалпы аумағы 10 миллион шаршы шақырымға жеткен.

Жошы ұлысы протоқазақ мемлекеті болып есептеледі. Сол себепті Жошы ұлысының қазақ тарихындағы орны ерекше. Өйткені қазақтың дархан даласында құрылған осы түркі мемле- кетінің соны — Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Жошыдан шыққан Жошидтер әулеті Қазақстан аумағында 1224 жылдан 1860 жылдарға дейін 6 ғасыр бойы билік жүргізді. Бұл кезең Қазақстан тарихы үшін маңызды кезең, мем- лекеттілігіміздің «алтын ғасыры» болды.

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің 2024 жылы



1554 жыл. Австриялық корольдік картасындағы «Cassackia» Қазақ Мемлекеті. Картаның үлкейтілген фрагменті.

3 қантарда Egemen Qazaqstan газетіне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек алға қарауымыз керек» атты көлемді сұхбатында еліміздегі да- талы тарихи оқиғалардың бірнешеуіне көңіл бөле келе, мемлекеттілігіміздің тамыры терең- де жатқанын әйгілейтін быыл іргетасы қалаң- ғанына 800 жыл толатын Жошы ұлысының тарихына қатысты ауқымды зерттеулер қолға алынатынын атап өткен болатын. Сондықтан да Жошы Ұлысының 800 жылдық мерейтойын лайықты дәрежеде атап өту маңызды әрі абыр- ойлы іс.

XV ғасырдың ортасында әлемнің саяси картасында жас, тәуелсіз, еркін, саяси белсенді және жоғары пассионарлы Қазақ мемлекетінің пайда болуы мен оның төрт жүз жылдық тари- хи жолы болғандығы арғы-бергі зерттеуші қауымға ақиқат. Қазақ мемлекеттілігінің тари- хи заңдылығы мен сабақтастығы күні бүгін



1646 жыл Венециялық картасындағы «Kasakki Tartari» Қазақ Мемлекеті. Картаның үлкейтілген фрагменті.

ғалым Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың тың да бірегей ізденістері арқылы тағы да дәлелде- ніп отыр. Бұл жерде Қазақияның құрылуы, нығаюы, күшеюі кезеңдері еуропалықтардың Шығысқа, Азияға деген сауда жолдарын іздес- тірумен қатар, Ұлы географиялық ашылымдар кезеңінің басталуымен тұспа-тұс келгендігіне назар аудару қажет. Бір жағынан, қазақ праг- матизмі, екінші жағынан, еуропалық прагма- тизм бір-бірімен тоғысып отыр. Біздің ойы- мызша, ұсынылған карталар сол кездегі еуро- палықтар мен америкалықтар үшін бағдарлау- дың, навигацияның құралы болды. Бұл өз кезегінде Еуразияны, Азияны, жалпы Шығыс елдері мен Қазақстанды егжей-тегжейлі зерт- теу-тануға, Қазақ мемлекетімен дипломатия- лық, сауда-экономикалық, әскери-саяси, мәдени және өзге де байланыстарды жолға қоюға мүмкіндік берді.

1465 жылы Қазақ хандығы құрылған кезден бері мемлекет атауы Батыс елдерінің озық картографиялық баспаларынан шыққан атлас карталарынан қалыс қалып көрмеген деп отырмыз. Демек Қазақ хандығы дербес, тәуел- сіз мемлекет болып қана қоймай, еуропалық державалардың назарын аударған.

XV ғасырдың орта шенінен аса қазақтар- дың өз мемлекеттілігін одан әрі дамытудағы маңызды үдерісі институционалды түрде аяқ- талды. Өзінің ұлттық атауын, «Қазақ» атты өз

мемлекетінің атын иемдену және тарату қанат жайды. Бұл тарихи оқиғаны сол заманның куәгері, ортағасырлық көрнекті мемлекет және саяси қайраткер, қолбасшы, Шығыстың ға- лымы мен тарихшысы Мырза Мұхаммед Хай- дар Дулати өзінің «Тарих-и-Рашиди» атты іргелі еңбегінде нақтылай дәлелдеді.

Ежелгі Тұран даласындағы түріктердің мемлекеттілігін дамыту мен қалыптастырудың алдыңғы мол тәжірибесі, этносаяси сана, бар- лық өлшем бойынша тиімді саяси, аумақтық- этникалық, әскери-әкімшілік инфрақұрылым, жетілдірілген есептік-қаржылық және салық жүйесі, қазақ элитасының өз мемлекеттілігін ілгерілетуге тарихи-саяси тапсырысы және басқа да факторлар XV ғасырда жас Қазақ мем- лекетінің әлемдік және еуразиялық геосаяси картада пайда болуы мен дамуына табысты әсер етті.

Қазақ хандығының пайда болуы XIV-XV ғасырларда Қазақстан аумағында болып өткен этникалық-саяси және әлеуметтік-мәдени процестердің заңды қорытындысы болды. Қазақ мемлекеттігі — тамыры ежелгі заманда жатқан ұзақ тарихи дамудың жемісі, ол қазақ халқының топтасуына, оның этникалық аума- ғының қалыптасуы мен тұтастығының ны- ғаюына, қазақ халқының рухани және матери- алдық мәдениетінің дамуына себеп болды.

Қазақ хандығы XVI ғасырдың басында, тарихи өлшем бойынша қысқа уақыт ішінде, қуатты орталықтандырылған мемлекетке ай- налып, белсенді геосаяси субъекті болып қа- лыптасты. Осыдан келіп Қазақ Мемлекеті әлемдік, өңірлік карталарда, еуропалық, америкалық зерттеушілер мен картографтардың атластарында тұрақты түрде орнықты.

Қазақстан тарихындағы мемлекеттік мә- селесі саяси мәселеге айналған кездер болды. Көрші Ресей билігі мен идеологтарының «Қа- закстанда мемлекет болған жоқ» деген ұста- нымдары өз кезегінде қазақ қоғамында үлкен резонанс туғызды. Сөз жоқ қазақ халқының бай тарихы жокқа шығарылды, ар-намысы аяққа тапталды. Бұған жауап ретінде елімізде 2015 жыл — Қазақ хандығының 550 жылдығын мемлекеттік деңгейде ұлықтауға арналды.

Ал қазір қазақ халқы қуана қабылдап отырған еуропалық және америкалық карталар тәуелсіз Қазақ мемлекетінің болғанын растап қана қоймай, Қасым, Хакназар, Тәуекел, Есім, Тәуке хандар тұсында Қазақ Ордасы нығаю мен өрлеу кезеңдерінен өткен, Еуразияда елеулі рөл атқарған орталықтанған мемлекет, біртұтас саяси организм болғандығын дәлелдеп отыр. Қазақ елі жайында айтылған теріс пікірлер бүгінде Мұхит-Ардагер Сыдықназаров жарыққа шығарған аса құнды тарихи-мәдени карталар арқылы толық және түпкілікті жокқа шықты деп айтуға болады.

Осылайша, «Қазақстанның үзіліссіз мем- лекеттілігі тарих толқынында. XVI—XIX ғасыр- лардағы еуропалық және америкалық карта- ларындағы Қазақ Мемлекеті» тақырыбы шең- берінде Мұхит-Ардагер Сыдықназаровтың еңбектеріне 2025 жылғы Қазақстан Республи- касының А.Байтұрсынұлы атындағы гумани- тарлық ғылымдар саласындағы Мемлекеттік сыйлығын беру үшін барлық жоғары критерий- лерге сәйкес келетіндігін тағы бір рет қорытын- дылаймыз.

Самат ҚҰРМАНАЛИН, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырыған профессор

САХНА

КҮЙ ҚҰДІРЕТІ

Жуырда қазақ әдебиетінің классигі Әбіш Кекілбаевтың «Күй» хикаятының негізінде Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық драма театрында тарихи драманың премьерасы өтті.



«Күй» — күрделі туынды. Жазушының әлем оқырмандарына белгілі «Дала балладалары» цикліне енген бұл шығарманың құндылығы мен қуаты бүгінгі күннің талап-тілектеріне де толыққанды жауап бергендей. Адайлар мен түрікмендер арасындағы итжығыс, «жер дауы мен жесір дауы» көрші қонған екі елді біраз жыл сарсаңсесек әбiгiрге салған-ды. Азаматын жоқтап аза тұтқан ағайын; көзі жәудiреген жарын, құлдырандап алдынан жүгiре шығатын сәбiбiн кимастықпен атажұртына тастап, жорыққа аттанатын жаяужүрек батырлардың алдан не күтiп тұрғаны белгiсiз талайлы тағдыры; бiрде түрiкмендер, бiрде адайлар жеңiске жетсе де түбектегi жұрттың тұрақты тыныштыққа қол жеткiзе алмауы; барымта, өрiстiң тарылуы... хикаятта осы секiлдi оқырманға бұрыннан мәлiм толып жатқан жанды эпизодтар сахна тiлiне көшiрiлiп, көрермендi тосын толғанысқа жетелейдi.

Қазақ батыры Дүйiмқарадан кек алмайынша, шыбын жаны тыныш таппайтын түрiкмен Жөнeйттiң образы сахнада шынайылығымен көпшiлiк көкейiнен шықты. Кенже ұлы Дәулеттiң өлiмi, аңға шығып жайбарақат жүрген Күйшiнiң қолға түсуi, Күйшi мен Жөнeйттiң iштей психологиялық арпалысы, қолы қылыш сабынан босамаған түрiкмен батырдың аяқтарында өмiр бойы «жау, жау шаптылаған» тiрлiгiнiң түккe алғысыз екендiгiн түсiнiп, күйдiң сарынына сынып бас июi, мына жалған дүниеде өнерден артық құдiреттiң жоқтығына көзiн жеткiзiп, мойындауы — көрермендi окыс ойлануға итермелейдi, бұл жағдайдың бүгiнде өзектiлiгiн жоймағандығын дәлелдейдi. Әйтсе де, жауыннан кек қайтармайынша көңiлi көтерiлiп, қабағы ашылмайтын Жөнeйт соңғы демi таусылар алдында Күйшiнiң басын қылтитып құмға көмiп, «Күйшiге жаны ашса Дүйiмқара бiр айналып соғар, сонда мен оған күшiмдi көрсетермiн» деп iштей айбат шегедi. Үмiттенедi.

«Күй» — жазушының әлемдiк әдебиет ағымына тосын әрi толғақты тақырып мәнгүрт, мәнгүртизмнiң негiзiн қалаған және аузы дуалы дүйiм ел құрметтеген қаламгерлер үздiксiз айтып жүргендей, сан тiлге аударылып, өз оқырмандарын тапқан айтулы туындысы. Сахнада да ақыл-есiнен айырылып, қайдан шыққан- ын, ата-бабасының кiмдер екенiн бiлмей, малмен бiрге өрiп, малмен бiрге тiрлiк кешкен мәнгүрттер бейнесi де толымды эпизодтармен толыға түстi. Режиссерлiк шешiм, оркестрдiң ойнақы әуенi, көздiң жауын алатын жалт-жұлт еткен сәулелер, ат тұяғының дүрсiлi, Күйшiнiң торға қамалуы — жарасымды үй- лесiм, әдемі үндестiк тапқан. Жөнeйтi, Күйшi, Мәмбетпана, Аннадүрдi, Адай би, Көкбөрi, Дәулет... бейнелерiн сомдаған театр өрiстiерiнiң шеберлiктерi жайлы театр мамандары алдағы уақытта айта жатар. Дегенмен Жөнeйт — Сырым Қашқабаяв, Жәнiбек Мұсаев; Күйшi — Марғұлан Наменов, Руслан Әлiшев; Мәмбетпа- на — Кенес Нұрланов, Нартай Сауданбекұлы; Көкбөрi — Қайыр- жан Садықов, Ерғұлан Жанпейiсов; Жұма би — Тiлектес Мей- рамов, Боранбай Молдабаев секiлдi өрiстер өздерiнiң ешкiмге ұқсамайтын ойнау шеберлiктерiмен, образды сахнада шынайы бейнелеулерiмен көрермен қауымынн кошеметiне бөлeндi.

Екi күндiк премьера аншлаппен өттi. Күрделi шығарманың айтар ойы мен негiзгi түйiнiн шашау шығармай, сахнаға жанкештiлiкпен шығара бiлген белгiлi режиссер, Қазақстанның еңбек сiнiрген қайраткерi Нұрлан Жұманиязовтың еңбегi ерекше. Шығарманың инсценировкасын жазған белгiлi жазушы, Қазақстанның еңбек сiнiрген қайраткерi Қуаныш Жиенбайдың режиссермен түсiнiстiк жағдайда, шығармашылық тұрғыда тиянақты жұмыс iстегенi анық аңғарылып тұрды. Ұлы жазушының асау дариядай асып-төгiлген сөз маржандарына иненiн жасуын- дай киянат жасалмағанын, шығарманы сахна тiлiне айналдыру аса оңайға соқпағанын К.Жиенбай мерзiмдi басылымдарға берген сұхбаттарында айтып жүр.

Драма көрермен көкейiне ой салды, iзгiлiк пен қаскөйiлiктiң күресi кеше қандай болса, бүгiн де одан тым ұзап кетпегенiн, онын әлi де шалғаймызға жабысып, қыр соңымыздан қалмай жүргенiн сахнадағы сан түрлi штрихтармен дәлелдеуге тырысты.

Шарапат ӘЛИСҰЛТАН



АЙМАҚ

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

ТҮЙТКІЛ

ДІНИ ТҰРАҚТЫЛЫҚ – БЕЙБІТ ӨМІР КЕПІЛІ

Тәуелсіз еліміздің ішкі тұрақтылығы мен баянды болашағы – рухани тұтастық пен қоғамдық келісімге тікелей байланысты. Қазақстан қоғамының дамуында діни тұрақтылық пен конфессия-аралық келісім басты факторлардың бірі ретінде айқындалып келеді. Бұл ретте Ақмола облысы дін саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда озық тәжірибесімен ерекшеленіп отыр.

А Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ, Ақмола облысы

Сан түрлі деструктивті діни ағымдардың әлемнің сантүрлі елінде елдің берекесін алатын діни экстремистік және террористік бағыттағы шабуылдары бұл бағытта аса қырағылықтың болуын қажет етеді. Жалпы, өңірдегі сала мамандарының пікірінше, облыстағы діни ахуал, деструктивті ағымдардың алдын алу шаралары қалыпты түрде жүргізіліп жатыр. Мұны облыстық Дін істері басқармасының басшысы да растады.

ӨНІРДЕ ДІНИ ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Басқарма басшысының айтуынша, Ақмола облысында діни ахуал тұрақты сипатқа ие. Қазір өңірде 190 діни бірлестік тіркелген. Олардың қатарында 87 ислам, 50 православие, 40 протестанттық, 11 католиктік ұйым, сондай-ақ бахаи діні мен Кришна санасы қоғамы бар. Барлығы 151 діни нысан — мешіт, шіркеу, гибадатхана арқылы халыққа қызмет көрсетуде. Басқарма тарапынан діни ахуалды тұрақты бақылау мен мониторинг жүргізіліп, дінаралық татулықты сақтау басты мақсат ретінде белгіленген.

—Басқарманың негізгі міндеттері — діни сенім бостандығын қамтамасыз ету, конфессияаралық келісімді сақтау, дін саласындағы заңнамалардың орындалуын бақылау болып отыр. Сонымен қатар діни бірлестіктер мен миссионерлік қызметті заң шеңберінде үйлестіру, халықтың діни сауатын арттыру, радикалды және деструктивті ағымдардың алдын алу сынды бағыттар кеңінен қамтылады. Аймақтағы барлық діни ұйымдар мен жалпы дін саласындағы барлық жағдай біздің мамандармен тұрақты түрде мониторинг жасалады. Бұл жұмыс

елдегі діни тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, — дейді басқарма басшысы Болат Касенов.

Бұл мақсатта басқарма жанындағы «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» түрлі сараптама-лық, ғылыми-әдістемелік жұмыстармен айналысады.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ДІНИ ҚАУІПТЕРГЕ — НАҚТЫ ТОСҚАУЫЛ

Ақпараттық технологиялар дәуірінде жастардың басым бөлігі діни ақпаратты интернет арқылы қабылдайтыны анық. Осы ретте облыс аумағында заңсыз діни мазмұнға қарсы іс-қимыл белсенді жүргізілген.

Мәселен, осы жылдың тек алғашқы жартысында 374 заңсыз діни сипаттағы материал анықталып, бұғаттау үшін рес-публикалық базаға жолданған. Деструктивті топтарға тіркелген 60 мыңнан астам қолданушыға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 539 адам радикалды топтардан өз еркімен шыққаны мәлім болды.

МИССИОНЕРЛЕР ҚЫЗМЕТІ — ЗАҢ АЯСЫНДА

Ақмола облысының Дін істері басқармасының мәліметінше, бүгінде Ақмола облысында ресми тіркелген 25 миссионер уағыз-насихат жұмыстарын жүргізуде. Олардың ішінде Польша, Ресей, Филиппин азаматтары бар. Бұл тұлғалар негізінен католиктік және протестанттық бағытта қызмет етеді. Барлық миссионерлік әрекет заң талаптарына сәйкес қатаң бақыланады.

Сала мамандары халықтың діни сауаттылығы — деструктивті ағымдарға қарсы негізгі құрал екенін атап, бұл бағытта кешенді жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті.



Осы жылдың тек алғашқы жартысын-да 374 заңсыз діни сипаттағы материал анықталып, бұғаттау үшін республикалық базаға жолданған. Деструктивті топтарға тіркелген 60 мыңнан астам қолданушыға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, 539 адам радикалды топтардан өз еркімен шыққаны мәлім болды.

— Облыс халқының діни сауаттылығын арттыру мақсатында 202 адамнан құралған 24 ақпараттық-түсіндіру тобы жұмыс істейді. 2025 жылдың бірінші жартысында 2 968 іс-шара өткізіліп, 42 мыңнан астам адам қамтылды. Діни деструктивті ағымдарға негізінен оң-солын танып үлгермеген жастардың еніп кетуінен жастардың діни сауатын арттыруға ерекше назар аударылады. Жыл басынан бері 15 мыңнан астам студент пен оқушыға арнап семинарлар мен дәрістер ұйымдастырылды. Сонымен қатар түзету мекемелерінде жазасын өтеп жатқан азаматтармен теологтар белсенді жұмыс жүргізуде, — дейді Ақмола облысы Дін істері басқармасының конфессияаралық

қатынастарды талдау және дамыту орталығының басшысы Нұркен Тілеубаев. Жалпы, облыс аумағында биыл дін саласына 294,3 млн теңге бөлінген. Бұл қаржы ақпараттық түсіндіру жұмыстарына, әлеуметтік зерттеулерге, семинарлар мен тренингтерге бағытталыпты. Ведомство мәліметінше, бұл — өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай артық қаражат.

КЕШЕНДІ СЕРІКТЕСТІК — ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Діни экстремизмнің алдын алу — тек Дін істері басқармасының ғана емес, бүкіл мемлекеттік органдар мен азаматтық

қоғамның ортақ міндеті. Ақмола облысында бұл бағытта құқық қорғау органдары, әкімдіктер, білім беру мекемелерімен тығыз серіктестік қалыптасқан.

Болат Касеновтың айтуынша, алдағы уақытта діни тұрақтылықты сақтау жо-лындағы ақпараттық жұмыстар кеңейтіледі. Жастармен тікелей байланыс күшейтіліп, діни ұйымдармен әріптестік терендетіледі. Сонымен қатар заманауи технологиялар — чат-боттар, онлайн-консультациялар сияқты цифрлық құралдар да іске қосылмақ.

— Дін — бұл тек сенім ғана емес, елдің ішкі тұрақтылығы мен болашағына әсер ететін стратегиялық фактор. Сондықтан бұл салада ұдайы сергек болуымыз қажет, — дейді басқарма басшысы.

P.S.

Елдегі діни ахуалдың тұрақтылығы елдің қауіпсіздігінің де мығымастығының кепілі болатыны анық. Сондықтан бұл бағыттағы жұмыстардың жүйелі түрде жүзеге асырылуы мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде бақылауда болғаны жөн...

МӘСЕЛЕ

ТЕҢІЗДЕГІ ТІРШІЛІК: балыққа да бап керек

Көп жылдан бері Арал теңізінің ахуалы әлем жұртшылығын алаңдатып келеді. Экологиялық апаттың аранында тұрған аймақтың алапаты теңізді өлкенің тұрғындарына ғана емес, күллі адамзат тарихына қауіп төндіріп тұрғанын табиғат жанашыр-лары жазып та, айтып та жүр. Осы кезге дейін құрғаған теңіз ұлтанын тіршілік нәріне толтыру үшін түрлі жоба қолға алынып жатқанымен, жетістіктерден гөрі кемшіліктерден көз сүрінеді дейді жанашыр жандар.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Соңғы жылдары өлі теңізді қайта жандандыру бағытында түрлі жоба қолға алынып, ауқымды шаралар жүргізіліп жатыр деп ауыз толтырып айтып жүрміз. Теңіз деңгейі көтеріліп, балық қоры молайды деп сүйініштілеген хабар ақпарат кеністігінде жауыннан кейінгі санырауқұлақтай қаптап кетті. Мұндай ақпараттарды оқып, тыңдай отырып, шөлейтті аймаққа оазис орнағандай әсерге бөленесін. Бірақ шынтуайтында теңіздің бүгінгі тағдыры қалай? Осы орайда теңізді аймақтың жанашыры Жомарт Қартбаев хабарласып, Арал өңіріндегі түйткілдерді тізбектеп берген еді.

Әлқиссасын, «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасынан бастасак. Аталмыш жоба 2003 жылы қысқартылған САРАТС-1 атауымен қолданысқа енгізілді. Осының негізінде Арал теңізіне су жеткізу мақсатында Қоқарал бөгеті салына бастады. Бөгеттің жалпы ұзындығы 13 шақырым, 9 қақпақты су өткізгіштігі 300 текше метрді құрайды. Мәліметке сәйкес, САРАТС жобасының 1-ші кезеңі 85,79 млн АҚШ долларына бағаланған. Оның 21,29 млн АҚШ доллары республикалық бюджеттен бөлінсе, 64,5 млн АҚШ доллары займға іске асырылыпты.

2005 жылы ғасыр жобасы атанған бірегей бастаманың 1-ші кезеңінің жүзеге асырылуымен Арал теңізінің солтүстік бөлігінің деңгейі Балтық жүйесі бойынша 42 метрге дейін көтерілді деген ақпарат айтылды. Кіші Арал теңізінің деңгейінің көтерілуімен құрғаған ұлтанға қайта тіршілік енгені жария болды. Яғни, Қоқарал плотинасының салынуымен Кіші Аралдың гидрологиялық,

гидрохимиялық және биологиялық режимдері күрт өзгергені мәлім болды. Мамандар осының негізінде судың тұздылығы азайып, балықтардың өсіп-өнуіне қолайлы жағдай жасалғанын тілге тиек етіп жатты.

Осы орайда жауапты мамандар тарапынан жария болған мәліметтерге көз жүгіртсек, теңіз ұлтанының толуымен аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы жақсарып, балық қорының молая түскенін мәлімдейді. Яғни, жергілікті балық түрлері 22-ге жетіп, бекіре тұқымдас ба-

лықтарды өсіруге мүмкіндік артқаны айтылады. Ал балық аулау көлемі 0,4 мың тоннадан 8,0 мың тоннаға дейін жеткені жария етіліп жүр.

«Жоғарыда аталған мәліметтердің көпшілігі шындыққа жанаспайды. Кейбір ақпараттарды өсіре сілтеп жібереді. Қазір теңіздің жағдайы сын көтермейтін күйде тұр. Сырдарияның деңгейі де өте төмен. Аралдағы балық өңдеу зауыттарының да жұмысы тұралап қалған. Осы сауалмен Арал ауданының қазіргі әкімімен кездестім. Әкім теңіздің мүшкіл халі мен балық түрінің артуына қатысты тараған ақпаратқа орай түшымды жауап бере алмады. Өз тарапымынан теңіздің бүгінгі жағдайы мен өңірдегі балық шаруашылығының жайын арнайы жасалған видеофиксациялар арқылы дәлелдей аламын. Сонда жылдар бойы жүргізілген жұмыстардан нәтиже неге шықпайды. Соракысы сол, теңізді қалпына келтіруге бағытталған есепсіз қаржының

Қаратереңнің өткені мен бүгінгі жағдайын салыстыруға келмейді. Тарих парақтарына үңілсек, сонау 60-жылдары Сыр өңірі балық шаруашылығы бойынша республикада алдыңғы қатарда болыпты. Дерекке сәйкес, сол уақыт-тары өңірде 55-60 тоннаға дейін балық ауланған деседі.



есебін ешкім бере алмайды. Сонда кім кімді алдап жүр?» — деп ашынады Жомарт Қартбаев.

Арал ауданы аумағындағы Қаратерең ауылы тұрғындары да судың сұрауын кімнен дауларын білмей дал. Ауыл аумағында шағын көлдердің өзі кеуіп кетудің аз-ақ алдында тұр дейді ауыл халқы.

«Қаратерең ауылының ортасында «Көрі тыма» деп аталатын үлкен көлі бар. Көл негізгі сағасын Сырдариядан алады. Яғни, Сырдария осы көлге су құяды. Дария суымен бірге осы көлге балық құйылады. Бір кездері қаратереңдіктер осы көлден шөп орып, балық аулап, атакәсібінің желкенін керіп келді. Көл аумағы мал жайылымына да таптырмас орын болып есептелетін. Тіпті, моторлы кайықпен теңізге қатынас орна-тылған. Бір сөзбен айтқанда, бұл жерде шағаласы шулап, балығы тулаған үлкен көл болды. Ал бүгінде бұл көлге су көп келмейді. Дарияның өз ахуалы алаңдатар-лық күйде тұрғанда, көлге су қайдан құйылады? Дария төмен түсіп кеткен. Бізге су жетпейді. Сонын салдарынан көлдегі бірлі-жарым балықтар өліп, су бетіне қалқып шығып, шіріп жатыр. Көл бетін қоға басып, сасыған су өкпені қабады. Ауыл тұрғын-дары көлден шыққан күліміс іспен ты-ныстауға мәжбүр. Бір сөзбен айтқанда, біраз уақыттан бері көлге су құйылмады. Көл айналасына қоныстанған қаптаған ел сонын зардабын тартып отыр», — дейді байырғы балықшы-зейнеткер, ауыл тұрғыны Мінажат Биманов.

Осы орайда Қаратереңнің өткені мен бүгінгі жағдайын салыстыруға келмейді. Тарих парактарына үңілсек, сонау 60-жыл-дары Сыр өңірі балық шаруашылығы бо-йынша республикада алдыңғы қатарда болыпты. Дерекке сәйкес, сол уақыттары өңірде 55-60 тоннаға дейін балық ауланған деседі. Сонын негізінде Кеңес кезеңінде Арал ауданындағы Қаратерең, Бөген

ауылдарында балықты қабылдайтын және өндейтін базалар үздіксіз жұмыс істеген көрінеді. Ал бір ғана Қаратереңнің бүгінгі ахуалы сол кезеңмен салыстырғанда аянышты күйде тұрғаны байқалады.

Балық зауыты демекші, теңіз жанашы-ры аудан аумағындағы балық өңдеу орын-дарына қатысты бірқатар түйткілдерді де тізбектеп берді.

«Бүгінде Арал аумағындағы балық қа-былдау және өңдеу базаларының көпшілігінің жұмысы тұралап қалған. Оны арнайы тү-сірілген видеофиксациялар арқылы анықтап отырмыз әрі мұны зауыт мамандары да растап отыр. Атап айтқанда, Қаратерең ауылынан 5-7 шақырым жердегі «Арикон», «Т. Жалғасбаев» және «Қуаныш» балық зауыттарының жұмысы тоқырап тұр. Оның себебін дамыт мамандары көктемнен бері қарай балық болмауымен түсіндіріп отыр. Сол сияқты Бөген ауылында да осындай мәселе бар. Өкініштісі сол, бірақ жергілікті құзырлы орындардың Үкіметке, Министрлікке беріп отырған мәліметтері шындыққа жанаспайды», — дейді Жомарт Қартбайұлы.

Сонымен қатар Арал аумағындағы «Тәуір-2» каналының жұмысы да тұралап тұрғанын жеткізді. Нақты айтқанда, канал жұмысы 2024 жылдың желтоқсан айынан бастап тұралап қалыпты. Оның не үшін тоқтап қалғаны, қашан жалғасатыны әзірге беймәлім күйде қалып тұр.

Тобықтай түйін: Жалпы теңіз төскейін мекендеген халықтың теңізге қатысты толғандырған мәселесі шаш етектен. Осы орайда аудан халқы солтүстістіктегі суды Торғай, Ырғыз өңірлері арқылы Аралға жеткізу бойынша қолға алынған тағы бір жобаға иек артатынын жеткізіп қалды. Ең бастысы, қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы бүгіннен бастап Арал теңізін сақтап қалуға әрекет жасалмаса, ертенгі күні бәрі кеш болатынын алға тартып отыр.

15 ШІЛДЕ 2025 | СЕЙСЕНБІ

Атыраулық шебер Нұрлыбек Бисембаев осыдан біраз жыл бұрын домбыра жасайтын шеберхана ашқан. Қазір оның шеберханасында айына 100-ге жуық домбыра жасалады. Бірнеше адамды жұмыспен қамтып отырған атыраулық шебер домбыра жасаудың қыр-сырын айтып берді.

Нұрлыбек БИСЕМБАЕВ, шебер:

Домбыра ҚАЗАҚТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

— Домбыра жасау өнерімен қашаннан бері айналысасыз? Оны кімнен үйрендіңіз?

— 2008 жылдан бері домбыра жасап келемін. Бастапқыда хобби ретінде басталған ісім бара-бара үлкен кәсіпке айналды. Әкем 95-96 жылдары домбыра жасайтын. Ол Кеңес үкіметінің ыдырап, елдегі жағдайдың қиындаған уақыты еді. Бала болсам да, өзімше әкеме көмектесіп жүретінмін. Сөйтсем, сол жағдайдың өзі мен үшін мектеп болған екен. Мамандығым — музыкал, домбырашымын. Атыраудағы Дина Нұрпейісова атындағы музыкалық академияны бітірдім. Кейін Х.Дос-мұхамедов атындағы университетте домбыра пәнінің мұғалімі мамандығында оқуымды жалғастырдым. Сырттай оқып жүріп, домбыра жасауға деген қызығушылығым оянды. Үйде әкемнің көне шеберханасы болатын. Әкемнен білмегендерімді сұрап, осы істі бастап көрдім. Отбасылы болғаннан кейін, мектепте музыка саласында еңбек еттім. 2011 жылы Махамбет ауданында музыка мектебінің филиалын аштым. Сөйтіп жүргенімде балалардың әкеліп жүрген

кейін, жер үстел, есік сияқты тұрмыстық заттарды да қосымша жасап жүрдім.

— Домбыра жасау жолында әкеңізден басқа ұстаздық еткен шеберлер болды ма?

— Жалпы, Атырау облысында домбыра жасайтын шеберлер жоқтын қасы ғой. Әкемнен үйрендім дегенмен де, ол кісінің жасаған домбыралары әуесқой деңгейде болатын. Өзім кәсіби домбырашы мамандығын аяқтағаннан кейін, осы саланы терең зерттегім келді. Бертін келе интернет дамыды, мүмкіндіктер ашыла бастады. Сөйтіп ізденіп жүргенімде 2017 жылы батыс өңірлік «Үкілі домбыра» деген шеберлер конкурсы өтті. Мен сол байқауға қуана қатыстым. Ондағы мақсатым жұлде алу емес, шеберлермен кездесіп, тәжірибе алмасу болатын. Домбыра жасау процесін көріп, көп жағдайға қанықтым. Кейін осы конкурс республикалық деңгейде өтті. Шымкент, Өскемен, Алматы сияқты көптеген өңірден шеберлер келді. Музейдің қолқа салуымен сол кезде шеберлердің басын қосқан ватсаптан жұмыс чатын аштым. Сол жерде білгенімізбен бөлісіп, тәжірибе



ететін процесс. Бір ғана домбыраны 10 күн ішінде жасап шығуға болады, онда да жағдай желімнің кебуіне байланысты. Біз бір мезгілде бірнеше домбыраны кезек-кезек жасайтын болғандықтан, процестің ұзақ уақыт алатыны сондықтан. Қазіргі уақытта айына 100 сапалы домбыра жасап отырмыз.

— Домбыра жасау үшін қандай ағаш түрлері қолданылады?

— Домбыраны жасауға шәмшат, қайың, емен, күл ағашы, қарағай ағаштарын пайдаланамыз. Жеке-жеке тоқталып өтсек, шәмшат — қатты, берік ағаш. Үні ашық, таза шығады. Оны көбіне шанақ пен мойын бөлігіне қолданады. Қайың — жеңіл және акустикасы жақсы. Шанақ пен бет ағашы үшін жиі қолданылады. Бұл ағаш әуенді жұмсақ әрі нәзік етеді. Емен — өте берік әрі ауыр ағаш. Үні терең, қоныр дауысты болады. Домбыраның мойны мен шанағына кейде пайдаланылады. Ясень, яғни, күл ағашының акустикалық қасиеті жоғары. Үнін кең әрі анық шығарады. Кәсіби аспаптарда жиі кездеседі. Қарағай — әсіресе бет ағашына пайдаланылады. Жұмсақ ағаш, бірақ жақсы резонанс береді. Домбыраның үнін ашық, күмбірлетіп шығарады. Яғни, әр ағашты қолданудың өзіндік философиясы, техникасы бар. Жалпы, домбыраның әр бөлігіне әртүрлі ағаш қолданылады. Шанағына қатты ағаштар қолдансақ, мойын сабына емен, кейде қарағай саламыз. Кәсіби домбыраларға көп жағдайда емен ағашын пайдаланамыз. Домбыра ешуақытта біркелкі ағаштан жасалмайды.

— Домбыраның сапасын не анықтайды? Жақсы домбыраны қалай тануға болады?

— Домбыраның сапасын оның дыбысы арқылы анықтауға болады. Кәсіби адамдар домбыраны дыбысынан анықтап жатады. Кейде керемет ағаштарды пайдаланғанмен, оны біліктілігі төмендеу шебер жасаса, домбыраның дыбысы әуесқой деңгейде қалып қоюы мүмкін. Өйткені әр детальға мән беру керек. Сондықтан, домбыра жасау процесінің өзі ерекше бапты қажет етеді. Домбыраны жасау сапасы да әртүрлі. Егер шебер дұрыс кеппеген ағашты пайдаланса, домбыра иіліп, майысып кетіп жатады. Сол себепті біз домбыраның шанағын ұзақ кептіреміз.

Осы жерде ашы да болса, мына шындықты айтқым келеді. Көп ата-ана балаларына домбыраны қалай тандау керектігін білмей жатады. Бізге келген тапсырыс берушілердің жиі қоятын сұрақтары да осы. Өздері домбыра тартып білмегендіктен, балам үйренсін деген ниетпен үйірмеге береді ғой. Ұстаздары домбыра әкел деген уақытта базардағы ең арзан домбыраны әперіп жатады. Қателік сол жерден басталады. Себебі ондай домбыралардың көп жағдайда дыбысы түспей, бұрауы келмей жатады. Оны бала да тарта алмайды, сабақ беретін ұстаз да қиналады. Басқа домбыра

алғызға ұстаз ыңғайсыздануы мүмкін. Сөйтіп, бала ештеңе үйрене алмай, үйірме де, домбыра да қалып қояды. Осындай жағдайлардың алдын алу үшін қазір жергілікті музыка мектептерінің көпшілігі домбыраны біздің шеберханадан алатын болды.

— Қанша түрлі домбыра бар және олардың бір-бірінен айырмашылығы неде?

— Домбыраның бірнеше түрі бар. Біз негізінен батыстың домбырасын жасаймыз. Біз жасап отырған домбыраларды кезінде Құрманғазы бабамыз, Дина анамыз шерткен. Мысалы, Жамбылдың домбырасы жалпақ болған. Айта берсек, домбыраның түрі туралы ұзақ әңгіме шығаруға болады. Ал менін домбыра жасаудағы басты мақсатым — жас буын, өнерсүйер қауым арасында батыстың домбырасын дәріптеу болатын. Сол мақсатыма жеттім деп ойлаймын. Өзімді кәсіби шебермін деп те айта алмаймын. Домбыра жасауды кәсіби түрде білім алып, оқымадым. Сондықтан қазіргі кәсібім шағын шеберхана деңгейінде ғана болып отыр. Болашақта білімді жетілдіріп, Қазақстанның тұқпир-тұқпіріне тапсырыспен барлық домбыра түрлерін жасап, жеткізетін фабрика ашқым келеді. Қазір бұл менің асыл мақсатымның бірі болып отыр.

— Сіздің ойыңызша, домбыра жасау өнерінің жас ұрпақ үшін маңызы қандай?

— Домбыра қазақтың төлқұжаты ғой. Әр үйде бір домбыра ілініп тұрса, жастарда қасиетті домбыра туралы түсінік болады және олар қазақша ойлап, қазақша сөйлей бастайды деп ойлаймын.

— Жас буынның бұл өнерге деген қызығушылығы туралы не айтар еліңіз?

— Бір қуантарлығы, қазір балалар арасында домбыраға деген қызығушылық өте жоғары. Осы салада жүргеніме быыл 10 жыл болған екен. Қазір байқайтыным, жастардың көпшілігі домбыраны жақсы тартады, тез менгереді. Жас ұрпақ арасында патриоттық сезім, рух жоғары. Менінше, тәуелсіздіктің жемісі де осы сияқты. Жастарымыздың домбыраға ғана емес, дәстүр, салт-сана, тарихымызға қызығушылығы жоғары.

— Алдағы жоспарларыңыз қандай?

— Қазіргі уақытта домбыраға тапсырыс тек Атырау ғана емес, Алматы, Астана қалаларынан да түсіп жатады. Пойыз арқылы жеткізіп отырмыз. Кәсіби шебер болмасам да, «Атыраудың домбырасын жіберіңізші» деп, тіпті Қытайда отырып тапсырыс беріп жатқан қазақ бауырларымының ықыласын көргенімде, кенеуім керек екен деген ой келеді.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚ

«СЛАВЯН БАЗАРЫН» БАҒЫНДЫРДЫ

XXIV Халықаралық «Витебск-2025» эстрадалық ән орындаушылары байқауында Гран-при жүлдесі қазақстандық Алмагүл Батталиеваға бұйырды.



Витебск қаласында өткен «Славян базары» халықаралық фестивалінің жас орындаушыларға арналған беделді байқауында қазақстандық әнші Алмагүл Батталиева жеңіске жетіп, Гран-при иегері атанды. Екі күнге созылған байқау қорытындысы бойынша ол 137 ұпай жинады. Финалда әнші жүрек тебіренерлік «Вечность» әнін орындап, көрермендердің қошеметіне және қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды.

Бірінші орын белоруссиялық Валерия Бернатовичке бұйырса, екінші орынды Армениядан Давид Киракосян мен Италиядан Доменико Барбера бөлісті. Ал үшінші орынды ресейлік Эрик Ахметов пен қырғызстандық Рыскелді Сарбеков иеленді.

ЕЛ МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТТЫ

Қазақстандық оқушылар әлемнің үздік жас химиктері IChO-2025 олимпиадасында төрт медаль иеленді. Оқушылар арасындағы ең беделді халықаралық пәндік олимпиадалар басталды: IChO, IPhO, IMO, IBO, IDeA, IOL, IOI.



Бұл маусымды Қазақстан оқушылары сүйіншілі жаңалықпен бастады. Халықаралық химия олимпиадасында (International Chemistry Olympiad, IChO-2025) еліміздің атынан қатысқан төрт оқушының бәрі жүлдеге ие болды, оның екеуі — алтын медаль.

Олимпиада 5-14 шілде аралығында Біріккен Араб Әмірліктерінде өтті. Әлемнің 93 елінен 360-тан астам оқушы қатысқан бұл зияткерлік долада Қазақстан ұлттық құрамасындағы төрт оқушы тамаша нәтиже көрсетіп, еліміздің жас химиктерінің көшбасшылық мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев оқушылардың жетістігі — қазақстандық білімнің әлемдегі биік мәртебесін тағы бір мәрте дәлелдегенін атап өтті.

«Бұл жеңіс — жас буынның жарқын болашағына жол ашатын берік негіз деп сенемін. Жетістіктеріңіз еселене берсін, алар асуларыңыз биік болсын! Еліміздің дамуына үлес қосатын білімді де талапты азамат болып өсулеріңізге тілектеспін», — деп жазды министр өзінің ресми парақшасында.

Бұл Олимпиада әлемдегі ең беделді 7 халықаралық олимпиадалардың қатарына енеді. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы негізінде алтын медаль үшін — 1 500 АЕК, күміс медаль үшін — 1 000 АЕК, қола медаль үшін — 500 АЕК.



домбырасы көңілімнен шықпайтын, не дыбысы, не бұрауы келмейтін домбыраны балаға үйрете алмайсын. Сол кезде «домбыраны өзім неге жасамасқа?» деген ой келді. Сөйтіп, шеберхана ашып, дыбысы, сапасы жақсы домбыра жасап, қолжетімді бағада балаларға ұсынамын деген шешім қабылдадым. Осылайша, ауыл әкіміне барып, шеберхана салуға жер сұрадым. Ауыл шаруашылығын қолдау қорынан несиен алып, шеберхана салып бастадым. Құрылыс шаруалары, одан несиені қайтару бар, солай шапқылап жүргенімде 5 жыл да өте шыққан екен. Бастапқыда шеберхана ашсам да, домбыра жасауды қосымша табыс көзі ретінде қарап жүрдім. Қолөнер шеберханасы болғаннан

алмасып отыратынбыз. Ол чат та біз үшін коммуникация, идея алмасу алаңына айналды. Осындай үлкен мектептің арқасында кәсіби мықты домбыра жасайтын деңгейге де жеттік.

— Домбыра жасау қанша уақыт алады?

— Шыны керек, кәсіби домбыралар бір күнде жасалмайды. Тапсырыс түскен жағдайда мұндай домбыраларды 1-1,5 ай ішінде бітіріп береміз. Домбыра жасаудағы ең бірінші мәселе — ағаш тандау. Ағашты кескеннен кейін корпусын, яғни шанағын жасап кептіреміз. Бір бастаған кезде 10-15 домбыраның дайындығы басталады. Домбыраның дыбысы бет қаппағының сапалы жасалуына байланысты. Ал ол үлкен уақытты, қажырды қажет

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал Алпысбайұлы –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(777) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4616
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,